# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 АҚПАН БЕЙСЕНБІ | 2016 жыл №28 (19113) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz


# ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

**Облыс орталығындағы индустриялық аймақта салынып жатқан шыны зауытының құрылысы қазір қарқынды жүруде. Зауыт ғимаратының эскиздік жобасы өткен жылдың сәуір айында облыс әкімінің төрағалығымен болған қала құрылысы кеңесінде мақұлданған еді.**

Алдымен индустриялық аймақтан аталған зауытқа арнайылап 50 гектар жер бөлінген-ді. Бұған қоса, оған бюджет есебінен негізгі инженерлік инфрақұрылымдар тартылды. Осылайша, соңғы бірнеше жылдан бері аталған аймақта өндіріске қажетті инфрақұрылымдар жасақталды. Былтыр көктемде кәсіпорынның негізгі ғимараты саналатын қойманың іргетасы қаланғанына куә болғанбыз. Сонымен, «Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 197 мың тонна табақша шыны шығару және өңдеу зауыты құрылысы» жобасының инвесторы болып «STEWART Engineers» атты танымал американдық компаниясы танылды. Осылайша, озық технологиялы американдықтар біздің «Бәйтерек» Ұлттық басқару холдингі» АҚ және "Қазақстанның Инвестициялық қорымен" бірге өңірдегі ірі индустриалдық жобаны жүзеге асыруда.

Бас мердігер «Шымкентхиммонтаж» ЖШС – күрделі құрылыс салуда тәжірибесі мол компания. Бұған дейін Шымкент қаласындағы фосфор, қорғасын зауыттарын, Жаңақорған ауданында күкірт қышқылы зауытын мерзімінде бітіріп, қолданысқа берген осы серіктестік. Құрылыс жұмыстарына бас мердігерден өзге қызылордалық «Мұнай құрылыс», «Қарақұм констракшн», «Қазстроймонтаж» және «НСК» серіктестіктері тартылған.

– Құрылыс жұмыстарына 200-ге жуық адам мен 33 техника жұмылдырылып отыр. Жұмысшыларға бар жағдай жасалған. Дайын өнім қоймасына қажетті металлоконструкция толық көлемде алынып, монтаждау жұмыстарының 77 пайызы жүргізілді, – дейді «Orda Glass Ltd» ЖШС-ның құрылыс жөніндегі директоры Б.Тоқаев.

Бүгінде зауыт бой көтеретін аумақ қызу құрылыс алаңына айналған. Мұндағы 500 орындық вахталық қалашық алыстан «менмұндалап» тұр. Маманның айтуынша, 25 вагоннан тұратын қалашықтың 18-і жұмысшыларға арналған тұрғын үй. Өзгелері кеңсе, асхана және монша. Жыл бедерінде зауыт алаңына уақытша қоршау онатылып, 25 гектар жердің беткі қабатын өсімдіктерден тазалау және тегістеу жұмыстары жүргізілген. Дайын өнім қоймасының ұзындығы 300 метр, ені 150 метрді құрайды. Қазір осы дайын өнім қоймасының іргетасын құю және гидроизоляциялау жұмыстары аяқталған. Бұған қоса, итальяндық және қытайлық бетон жасау қондырғылары орнатылды. Оның алғашқысының қуаттылығы сағатына 65 тонна текше метр бетон болса, екіншісі – 25 тонналық. Жалпы, игерілген қаржының көлемі –11,7 млрд теңге.

Бұл зауыттың бір ерекшелігі, мұнда энергия үнемдейтін де шыны шығарылады. Бастысы, шыны өндірісіне қажетті шикізаттың басым бөлігі жергілікті жерден. Яғни, кварц құмы, доламит пен әк тасы пайдаланылады. Ал сырттан әкелінетін кальцийлендірілген сода шикізатын таяу уақытта «Аралтұз» АҚ-мен біріге отырып өңірімізде өндіру жоспарлануда.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ** (сурет).

***Республикалық Индустрияландыру картасы шеңберінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі», «Қазақстанның Инвестициялыққоры» және американдық «StewartEngineers» компаниясы бірлесіп, «Қызылорда қаласындағы шыны зауытының құрылысын» жалғастыруда.***

***Былтыр жылдың жазында зауыттың техникалық қондырғылары әкеліне бастайды, ал келесі 2017 жылы өндірісті іске қосу жоспарланған.***

**Облыс әкімінің халық алдындағы есепті кездесуінен.**

● ПРЕЗИДЕНТ

## ЗАҢ ТАЛАБЫ САҚТАЛУЫ ТИІС

**Елбасы республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы Қозы-Көрпеш Жаңбыршиді қабылдады.**

Қ.Жаңбыршин Мемлекет басшысына Есеп комитетінің 2015 жылғы жұмысының негізгі нәтижелері, бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдалануда үнемі кездесетін проблемалар, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы баяндады.

Қазақстан Президенті былтыр қабылданған «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңның жүзеге асырылуын және мемлекеттік аудитке тиімді түрде көшуді қамтамасыз етуді тапсырды. Нұрсұлтан Назарбаев бұған қажетті жағдайлар жасалғанын айтты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы аудиттің қаржы мәселелерін ғана емес, орган қызметінің тиімділігін барлық бағытта бағалауды да қамтуы тиістігіне назар аударды.

Қ.Жаңбыршин былтыр Есеп комитеті 303 нысанда 29 бақылау шарасы жүргізгенін мәлімдеді. Анықталған қаржылық заң бұзушылықтар құнының көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 3 есе ұлғайып, 1,3 триллион теңге болған. Бақылау шараларының нәтижесі бойынша орны толтырылуға тиіс 128,8 миллиард теңгенің 87,2 миллиард теңгесі өтелген.

Есеп комитетінің төрағасы жүргізілген тексерулер мен бақылау-талдау шаралары қорытындысы бойынша Үкіметке және басқа да бақылау нысандарына 46 ұсыным мен 180 тапсырма жолданғанын айтты. Бұл орайда ұсынымдар мен тапсырмалардың орындалуы тиісінше 98% және 95,8% болды.

Қ.Жаңбыршин бюджеттік және басқа заңнамаларды бұзғаны үшін 75 заңды тұлға және 66 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке, 271 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын атап өтті. Құқық қорғау органдарына бақылау шараларына қатысты 40 материал берілді.

Есеп комитетінің төрағасы Астана және Алматы қалаларының, сондай-ақ облыстардың ревизиялық комиссияларының 2015 жылғы қызметінің негізгі нәтижелері туралы да баяндады.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметін жетілдіру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

**Өңірде инновацияны дамыту мақсатында Еуропалық Одақтың «Қазақстанның өңірлік дамуы» жобасы мен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілгені белгілі. Жуырда осыған байланысты отырыс өтіп, оған облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев қатысты.**

## ӨҢІРДІҢ ДАМУЫ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Биылғы жылдың бірінші қаңтарынан бастап Ұлт Жоспары «100 нақты қадамның» практикалық кезеңі басталды. Оның ішінде индустриалды-инновациялық даму көші бірқатар шешуші көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланған. Облыста Индустриалды картасы шеңберінде 80,2 млрд теңге құрайтын 17 жоба іске қосылды. Өткен жылы индустриалды бағдарламасы екінші бесжылдығы іске асырыла бастады. Былтыр қуны 2 млрд теңгеден асатын 5 жоба жүзеге асқан болатын. Олар құрама жем шығаратын өндіріс орны, екі кірпіш зауыты, соңғы технологиямен жабдықталған үй құрылыс комбинаты және жарықтандыру құралдарын жинақтау өндірісі. Тағы бір айта кетерлігі, облыс экономикасы өндеу өнеркәсібінің үлесі 3 есе өскен. Аймақ өндеу өнеркәсібі бойынша республикада алдыңғы орынды еншілеп тұр. Сонымен қатар республикалық карта аясында шыны зауыты, ферроқорытпа және машина жасау бұрын-соңды болмаған жобалар саналады.

Өңірімізде инновацияны дамытуды ынталандыру мақсатында Еуропалық Экономикалық Одақ жобасымен бірлесіп, 2016 жылға арналған инновацияны дамытуды ынталандыру бойынша бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілген.

Бірлескен отырыста Еуропалық Экономикалық Одақ жобасының сарапшысы Дамир Егізбаев хабарлама жасады. Жасалған хабарлама барысында «Ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерциялау туралы» заң жобасы бойынша да кеңінен айтып берді. Одан әрі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қызылорда аймақтық филиалының директоры Жансұлтан Матаев бизнесті дамытуға берілетін грант түрлері жайында мәлімет беріп, жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жайын талқылады. Сонымен қатар Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор орынбасары Ләззат Аруова «Өңірдің инновациялық процесіне қатысушылар арасында әріптестік қарым-қатынасты нығайту» тақырыбы бойынша баяндамасын көпшілік назарына ұсынды. Шараға қатысушылар тиісті мамандарға сауалдарын қойып, оған тұшымды жауап алды.

**Сара АДАЙБАЕВА.**

● МӘЖІЛІС

## ЖЕРГІЛІКТІ МАЗМҰНҒА МАҢЫЗ БЕРІЛЕДІ

**Сейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңірдегі мұнай компанияларының жетекшілерімен кеңейтілген мәжіліс өткізді. Жиынға ҚР Энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев пен ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары Талғат Сатиев қатысты.**

Басқосуда «қара алтынды» өндіру деңгейін сақтау және жергілікті мазмұнды дамыту мәселелері талқыланды. Энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев Үкімет пен министрлік тарапынан бірқатар шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, біздің облыс мұнай өндіру көрсеткіші бойынша республикада төртінші орында. Соңғы екі жылда жер қойнауын пайдаланушылар өңірдің мұнай-газ секторына төрт жүз миллиард теңгеден астам қаржы көлемінде инвестиция салған. Ал геологиялық барлау жұмыстарына шамамен 80 миллиард теңге қаражат құйған. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына 6,5 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлген. Өкінішке қарай, әлемдік дағдарысқа байланысты бұл көрсеткіштер соңғы жылы төмендеп кетті. Сондықтан, өздерінің инвестициялық жобаларын қаржыландыруға мүмкіндігі жетпей жатқан мұнай компанияларының өтініштері мен ұсыныстарын министрлік қолдауға әзір. Осы ретте, министрлік Сыр өңіріндегі өндірісті қолдау мақсатында жергілікті компаниялармен 15 келісімшарт жасасқан. Бұған қоса, ішкі нарықтағы жүк тасымалы, пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдіктер қарастырылып отыр, сондай-ақ рұқсат құжаттарын қысқа мерзімде беру секілді мәселелер шешілуде.

Облыс геологиялық барлау жұмыстарының қорытындысына үлкен үміт артып отыр. Қазір Қармақшы ауданында 3500 метр тереңдікте ұңғымаларды бұрғылау жүргізілуде. Сырдария шөкпе бассейні геологиялық, геофизикалық тұрғыда кешенді зерттеліп жатыр. Бұл аумаққа Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарының территориясы кіреді.

Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары Талғат Сатиев облыстың минералды шикізат қорын дамытудың келешегі зор екенін жеткізді. Өңір ванадий қоры бойынша республикада бірінші орын, мырыш, алюминий мен мыс бойынша үшінші орын алады. Соңғы жылдары жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі өңірде уран, мұнай мен газ қорының айтарлықтай көп екенін көрсетуде. Аймақта сирек кездесетін металдар да мол. Мәселен, «Баласауысқандық» пен «Құрымсақ» ванадий қоры бойынша әлемдегі ең ірі бес кен орнының қатарына кіреді. Ал «Байжарқын» алаңы мыс, алтын және тағы да басқа қосымша құрамдас пайдалы қазбаларға бай. Сондықтан облыс болашағы бар учаскелерге, жалпы минералды шикізат кешеніне инвестиция тарту жұмыстарын белсенді жүргізуде.

Сонымен қатар, мәжілісте аймақ басшысы жергілікті мазмұнды дамыту мәселесін көтерді. Айта кетейік, өткен жылы республикада өндіру көлемі 1,5 миллион тоннаға қысқарған еді. Оның миллионға жуығы облысқа тиесілі. Соңғы жылдың өзінде компаниялардың кейбіреуі жұмыс көлемін едәуір қысқартқан, мәселен, бұрғылау жұмыстарын – 80-90 пайызға, ұңғымаларды жөндеу бойынша 50 пайызға азайтыпты. Бұл өз кезегінде мұнай саласына сервистік қызмет етушілердің тынысын тарылтты.

– Өнімді өндіру көлемінің азаюы, ең алдымен, жұмысшыларға кері әсерін тигізеді. Бір жұмысшыны қысқарту жай ғана сандық көрсеткіш емес, бұл – тұрақты табыс көзінен айырылған отбасы, бұл – өтеусіз қалған несие және басқа да жайттар. Облыс тұрғындарының 29 мыңға жуығы мұнай саласында жұмыс істейді. Орта есеппен бір отбасында 5 адам барын ескерсек, 145 мың сырбойылық тұрғынның ахуалы «қара алтын» игеруші кәсіпорындардың жағдайына тікелей байланысты. Ал олардың 23 мыңға жуығы мұнай өндіретін компанияларға сервистік қызмет көрсететін салада еңбек етеді. Осыдан-ақ сервистік саланың аймақ экономикасы үшін және өңірдегі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауда маңызы зор екенін байқауға болады, – деді облыс әкімі.

Бұған қоса, жер қойнауын пайдаланушы компаниялар жергілікті жерде сапалы қызмет көрсететін сервистік мекемелер бола тұра, басқа өңірлердің сервистік компанияларының қызметіне жиі жүгінеді екен. Мәселен, мұнай компанияларының 2015 жылы жасасқан келісімшарттарының басым бөлігі өзге облыстардың кәсіпкерлеріне тиесілі болып отыр. Тендер конкурсын ұтып алған олар өздерімен бірге жұмысшыларын алып келген жағдайлар да көп кездескен. Ал сол уақытта біздің облыстың қаншама тұрғыны жұмысқа зәру болды.

Осы ретте, аймақ басшысы өңірлік кәсіпкерлер палатасына жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесіп, тендер комиссиясының құрамына кәсіпкерлер палатасының өкілдерін қосуға тапсырма берді. Осылайша, мұнай саласына қызмет көрсететін жергілікті кәсіпкерлердің мүддесі қорғалатын болады. Жиында Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің мүшесі Ғалымбек Жақсылықов осы мәселені толық тарқатып, ұсыныстарын жеткізді.

Жиында «KAZPETROLGROUP» серіктестігі бас директоры Бақыт Тоғызбаев компанияның өзекті мәселелерін баяндады. Өз кезегінде аймақ басшысы мұнай компанияларының түйткілді мәселелерін шешуге әрдайым қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Бірақ оларға қойылар талап біреу – жұмыс орындарын сақтап қалу. Десек те, баламалы энергия көздері іздестіріліп жатқан қазіргі заманда мұнай компаниялары өндірісті әртараптандыру қажет. Сол арқылы қысқартылатын жұмысшыларды жұмыспен қамтамасыз етуге жол ашылады және жаңа жұмыс орындары құрылады. Сонымен бірге, өңір басшысы ел үкіметі инфрақұрылымды дамытуға қомақты қаражат бөліп жатқанын, 2016 жылы біздің облыста алпыстан аса жаңа көпқабатты үй салынатынын айта келіп, мұнай компаниялары жетекшілеріне құрылыс саласындағы бағдарламаларға атсалысуға шақырды.

**Дәурен ОМАРОВ.**

## ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕНДЕР ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына орай, елімізде тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастырып, сондай-ақ, сотталғандар санын азайту мақсатында тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Сотты болғандар қатарын азайтудың басты жолы – темір тордың ар жағына барып келгендердің қоғамға бейімделуіне, жұмыспен қамтылуына жағдай жасау. Әйтпесе, көлденең кездескен кедергілер олардың қайта қылмыс жасауына апарып соғары сөзсіз.

Сәрсенбіде облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы Қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ, қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша консультациялық-кеңесші органның отырысы өтті.

Облыс әкімінің орынбасары кіріспе сөзінде аймақтағы қылмыстық құқық бұзушылықтың жай-күйіне тоқталды. 2015 жылдың көрсеткішіне зер салсақ, өңірде орын алған қылмыстар саны жылдағыдан артқан. Әсіресе, ауыр дене жарақатын салу, қарақшылық, алаяқтық, ұрлық, бұзақылық санатындағы қылмыстар өрши түскен. Бұл жағдай өңірдің барлық аймақтарына да қатысты болғанымен, негізгі үлес Қызылорда қаласына тиесілі болып отыр.

Облыста пробациялық бақылау есебіне алынғандардың жұмыспен қамтылу көрсеткіші көңіл көншітпейді. Жазасын өтеп келгендер жұмыссыз ретінде тіркелгенімен, бәрі бірдей екі қолға бір күрек таба алмай жүр. Отырыста бірінші боп баяндама жасаған Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің басшысы Ғ.Отарбаев бұл мәселені шешу үшін сотты болғандардың белгілі бір мамандық алуына мүмкіндік беріп, шаруашылық орындарымен меморандум жасау туралы айтты.

Әрине, қандай да бір маман иесі болмай, жұмыс табу қиын. Сондықтан, түзелем, ел қатарына қосылам деген жанға қолдау ауадай қажет. Өткен жылы жұмыспен қамту мекемелеріне бұрын сотты болған 184 адам тіркелсе, олардың 98-і тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл турасында Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы М.Делмұханов мәлім етті. Сондай-ақ, ол сотты болғандарды ауылшаруашылық мамандықтары бойынша білім алуына жағдай жасау жұмыстары жалғасын табатынын, қазіргі таңда сауалнамаға сәйкес 507 азаматтың білім алуға тілек білдіргенін жеткізді.

Комиссия отырысында жазасын өтеп келгендердің жеке кәсіппен айналысуы үшін барынша жағдай жасалуы керектігі де сөз болды. Қазіргі таңда бизнес жобаларды қаржыландыру үшін несиелік ұйымдар көмегіне жүгініп, сондай-ақ, қайтарымсыз гранттарды жеңіп алуға болады. Әрине, оған қол жеткізетіндер қатарын көбейту үшін насихат жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуі тиіс.

Республика бойынша сотты болғандарды әлеуметтік бейімдеу орталығы Павлодар және Шымкент қаласында ғана бар. Мұндай орталық Қызылордаға да қажет. Өкінішке орай, тиісті қаржысы шешілмей, жұмысын бастай алмай отыр. Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары А.Қайруллаев қажетті сома 40 млн теңгені құрайтынын, облыстық әкімдікке тиісті ұсыныстар жолданғанын мәлімдеді. Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары алдағы уақытта бұл мәселені шешудің жолдары қарастырылатынын жеткізді. Сондай-ақ, ол отырыс соңында хаттамаға сәйкес күн тәртібіндегі жұмыстарды өз деңгейінде орындалуына күш салуды тапсырды.

**Нағымжан САУЯЕВ.**

**«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабы 6-тармағына сәйкес, Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы хабарлайды:**

**Қызылорда облыстық мәслихатының депутаттығына кандидат болып тіркелді:**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **№1 «Арал» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Нұркожаев Асылхан | 25.05.1951 | Аудандық орталық аурухананың төтенше жағдайлар жөніндегі жауапты маманы | Арал қаласы |
| 2 | Сариев Болатбек | 18.12.1951 | Кәсіпкер | Арал қаласы |
| 3 | Жұмашев Мейрамбек Тоғысович | 30.04.1978 | «Тоғыс-Аралотын» ЖШС директоры | Арал қаласы |
| **№2 «Алтықұдық» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Каниева Галия Жаксылыковна | 30.09.1967 | Сексеуіл кенті емханасының акушер-гинекологы | Арал ауданы, Сексеуіл кенті |
| 2 | Текебаев Нурлла Жандильдаевич | 14.01.1967 | «Қызылордатранс» АҚ атқарушы директоры | Қызылорда қаласы |
| 3 | Бедер Қадірберген Бедерович | 23.08.1959 | «Казахстан» ЖШС Сексеуілдегі филиалының бастығы | Арал ауданы, Сексеуіл кенті |
| **№3 «Ауыл» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Кулмырзаев Мейрамбек Оразгалиевич | 30.04.1983 | «Арал құрылысы» ЖШС директоры | Арал қаласы |
| 2 | Алишева Жанар Акилжановна | 21.07.1972 | Аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі | Арал қаласы |
| 3 | Оңғарбаев Имамадин | 21.02.1953 | «Арал» БК мемлекеттік кәсіпорнының «Қазсушаруашылығы» РМК филиалының директоры | Қызылорда қаласы |
| **№4 «Сұлутам» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Құрманалі Құлпыбай Құрманбайұлы | 10.07.1956 | №94 орта мектебі директорының орынбасары | Арал ауданы Жаңқожа батыр ауылы |
| 2 | Мусаев Арман Конысбаевич | 06.11.1972 | Қазалы аграрлық-техникалық колледжі директорының орынбасары | Қазалы қаласы |
| 3 | Өтеев Мнажадин | 11.04.1957 | «Сыр маржаны» ЖШС директоры | Қазалы ауданы Әйтеке би кенті |
| **№5 «Абай» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Адилбаев Талгатбек Каражанович | 21.07.1960 | «Ырыс Болашақ» ЖШС директоры | Қазалы ауданы Әйтеке би кенті |
| 2 | Ермахан Дәуренбек Асылбекұлы | 16.10.1959 | №182 орта мектептің мұғалімі | Қазалы ауданы Басықара ауылы |
| 3 | Тілеп Ибайдулла Тілепұлы | 27.12.1959 | «Тілеп» ЖШС директоры | Қазалы ауданы Әйтеке би кенті |
| **№6 «Аранды» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Ерхатов Аманбай Елеуович | 26.02.1960 | «Қызылорда Балық АТК» ЖШС директоры | Қазалы ауданы Әйтеке би кенті |
| **№7 «Жосалы» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Сулейменов Серікбай Сеитмуратович | 14.09.1964 | «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС монтаждаушы-бағдарламашысы | Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті |
| 2 | Кенжеева Алтынша | 12.12.1960 | №183 орта мектептің директоры | Қызылорда қаласы |
| 3 | Әбдікарімов Шакизада | 16.09.1956 | «Қоғам газеті» ЖШС директоры | Қызылорда қаласы |
| **№8 «Торетам» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Ақжігітов Ғалымжан Амангелдиевич | 25.10.1979 | «Қармақшы аудандық жұмыспен қамту орталығы» КММ директоры | Қармақшы ауданы Жосалы кенті |
| 2 | Кулекеева Үлмекен Нуруллаевна | 01.11.1965 | №274 орта мектептің оқытушысы | Байқоңыр қаласы |
| 3 | Дәуренбаев Әнуар | 26.02.1958 | «Нұр Отан» партиясы Қызылорда қалалық филиалы төрағасының орынбасары | Байқоңыр қаласы |
| **№9 «Байқоңыр» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Бекежанов Канатбек Серикбаевич | 20.03.1972 | Жұмыссыз | Байқоңыр қаласы |
| 2 | Кушеров Марат Крамысбекович | 14.07.1970 | «ЖҒИОПО» («ЦЭНКИ») федералдық мекемесінің қарауылы | Байқоңыр қаласы |
| 3 | Үйреков Кенжебек Сисенұлы | 20.04.1961 | Байқоңыр қаласы Еуразиялық сауда орталығының директоры | Байқоңыр қаласы |
| **№10 «Жалағаш» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Байназарова Райкүл Мансуровна | 12.09.1957 | «Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы» облыстық комитетінің төрайымы | Қызылорда қаласы |
| **№12 «Тереңөзек» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Искаков Бектұрғанбек Касымович | 04.01.0966 | «Қазсушар» РМК «Сырдариясушар» филиалы учаскесінің басшысы | Тереңөзек кенті |
| 2 | Палымбетова Ләззат Ауезхановна | 18.10.1960 | №131 орта мектептің директоры | Тереңөзек кенті |
| 3 | Есенов Расул Абуталипович | 26.10.1973 | «Углесбыт» ЖШС директоры | Тереңөзек кенті |
| **№14 «Қызылжарма» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Бекжанов Нұрлан Кежекович | 08.11.1959 | «Арт-строй» ЖШС директоры | Қызылорда қаласы |
| 2 | Абдикадиров Қанат Алибекович | 09.11.1984 | №3 мектеп-лицейі директорының орынбасары | Қызылорда қаласы |
| 3 | Құттықожаев Ибайдулла Дүйсенбаевич | 10.01.1957 | Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы | Қызылорда қаласы |
| **№15 «Ғарышкер» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Есімқұлова Саягүл Жамбуловна | 14.01.1961 | «Қалалық орталықтандылған кітапханалар жүйесі» МК директоры | Қызылорда қаласы |
| 2 | Бадашев Арман Айтмаханович | 14.06.1969 | «Таңатар құрылыс сервис» ЖШС директоры | Қызылорда қаласы |
| 3 | Алимкулов Темирхан Маликович | 17.09.1956 | «СМП-Қызылорда» ЖШС директоры | Қызылорда қаласы |
| **№16 «Пролетар» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Есжанов Сейтмұрат Кажмуратович | 17.06.1957 | «Жастранс-сервис» ЖШС директоры | Қызылорда қаласы |
| 2 | Койшибаев Айдархан Мусаханович | 22.01.1958 | «Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ҚазҒЗИ» ЖШС бас директорының орынбасары | Қызылорда қаласы |
| 3 | Жансақалов Әбдімәжит Алмагамбетович | 30.07.1956 | «Дәнекер» ҚК ЖШС директоры | Қызылорда қаласы |
| **№17 «Мектеп» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Тоқтамысов Әсет Мырзаханұлы | 06.11.1958 | «Ы.Жақаев атындағы күріш шаруашылығы ҚазҒЗИ» ЖШС бас директорының орынбасары | Қызылорда қаласы |
| 2 | Абтикалыков Нұрхан Боранбекович | 05.02.1979 | «Ақмешіт» Гуманитарлы-техникалық институты оқу бөлімінің меңгерушісі | Қызылорда қаласы |
| 3 | Бисенов Қылышбай Алдабергенович | 21.07.1957 | Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры | Қызылорда қаласы |
| **№18 «Батыс» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Сағындыков Айдос Абдукадирович | 02.05.1980 | Жеке кәсіпкер | Қызылорда қаласы |
| 2 | Кенжебаев Темірхан Бердалиевич | 01.12.1956 | «Фирма «Темірхан» ЖШС кеңесшісі | Қызылорда қаласы |
| **№19 «Теміржол» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Ыбраев Әбдірахман Шүленбайұлы | 25.01.1955 | «ҚТЖҰК» АҚ бас инженері | Қызылорда қаласы |
| 2 | Арысбаев Аманкелді Қонысбаевич | 17.09.1959 | «ҚТЖҰК» АҚ филиалының директоры | Қызылорда қаласы |
| **№20 «Төлебаев» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Шеримбетова Гүлнара Жусупбековна | 26.06.1966 | «Group-Инвест» ЖШС ұйымының несие инспекторы | Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті |
| 2 | Алибеков Марат Казиханович | 08.08.1955 | Жұмыссыз | Қызылорда қаласы |
| 3 | Шаханов Абдилда | 30.01.1956 | Жұмыссыз | Қызылорда қаласы |
| 4 | Махамбетов Аскар Аралбаевич | 28.06.1968 | «BEST Service LTD» ЖШС бас директоры | Қызылорда қаласы |
| **№21 «Мұратбаев» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Танирбергенова Гүлбану Құлымбеткызы | 09.12.1991 | «Қызылордасушар» ЕМК аға гидротехнигі | Қызылорда қаласы |
| 2 | Асанбаев Айдос Алибекович | 25.02.1991 | «Қазсушар» РМК филиалының аға инженер-гидротехнигі | Қызылорда қаласы |
| 3 | Махашов Бахдаулет Еркинбекович | 04.02.1962 | «Жан-Арай» ЖШС бас директоры | Қызылорда қаласы |
| **№22 «Амангелді» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Ахметов Жамбыл Тұрсынбаевич | 31.05.1979 | Облыстық балаларды оңалту орталығының директоры | Қызылорда қаласы |
| 2 | Абдраманова Шахизат Исабаевна | 10.01.1990 | КТП Облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КМК бас сарапшысы | Қызылорда қаласы |
| 3 | Байқадамов Наурызбай Сейтқалиевич | 10.07.1967 | «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары | Қызылорда қаласы |
| **№23 «Тасбөгет» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Ибраев Азамат Мырзамұратұлы | 26.06.1987 | «Байбарақ» жеке кәсіпкерлігінің басшысы | Қызылорда қаласы |
| 2 | Дуйсебаев Ахан Алпысбаевич | 26.11.1972 | «Құндыз и К» жеке кәсіпкерлігінің басшысы | Қызылорда қаласы |
| 3 | Нұрымбетов Жорабек Ибрагимович | 10.05.1957 | «Қызылордасушар» мекемесі филиалының учаске бастығы | Қызылорда қаласы |
| **№ 24 «Ы.Жақаев» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Кайбулдаев Сакен Жорабекович | 28.03.1966 | №205 орта мектебі директорының орынбасары | Шиелі ауданы Бестам ауылы |
| 2 | Аманкулов Мурат Абдраимович | 07.02.1972 | №141 орта мектебі директорының орынбасары | Шиелі ауданы Майлытоғай ауылы |
| 3 | Шаутай Тилеуберген Кудайбергенулы | 25.08.1962 | «ПетроҚазақстан Құмкол Ресорсиз» АҚ бөлім басшысы | Қызылорда қаласы |
| **№25 «Шиелі» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Өтетлеуова Эльмира Мұратовна | 06.11.1971 | №127 мектеп-лицейі директорының орынбасары | Шиелі кенті |
| 2 | Мыханов Ғабит Жұматаевич | 01.01.1975 | №46 мектеп-лицейі директорының орынбасары | Шиелі кенті |
| 3 | Қасымов Қалмырза Айдарұлы | 01.04.1961 | «Шиелі жарығы» ЖШС директоры | Шиелі кенті |
| **№26 «Бекежанов» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Ташматов Мақсат Айтмағанбетұлы | 13.10.1982 | «Мақсат» шаруа қожалығының төрағасы | Шиелі ауданы, Иіркөл а/о, Жансейіт елді мекені |
| 2 | Меңлібай Қанат Алматұлы | 07.06.1973 | №11 индустриалды-аграрлық колледжі кәсіподағының төрағасы | Шиелі кенті |
| 3 | Искакова Райхан Хусаиновна | 31.12.1957 | Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы бастығының орынбасары | Қызылорда қаласы |
| **№27 «Төменарық» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Оразбеков Смағұл Садықұлы | 02.03.1960 | «Бесарық 1» шаруа қожалығының төрағасы | Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылы |
| 2 | Данияров Бөрібай Мамедович | 21.07.1963 | №163 орта мектебінің шаруашылық меңгерушісі | Жаңақорған кенті |
| 3 | Бекжанов Мадихан | 30.06.1957 | «СКЗ-U» ЖШС бас директоры | Алматы қаласы |
| **№28 «Жаңақорған» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Егембердиев Ерлан Мейрбекович | 01.10.1974 | Кәсіпкер | Қызылорда қаласы |
| 2 | Курбаналиев Асқар Жантилесович | 02.01.1971 | Кәсіпкер | Алматы қаласы |
| 3 | Ысқақов Жанкелді Ойшұлы | 21.06.1958 | «КАМӨЗ» ЖШС атқарушы директоры | Қызылорда қаласы |
| **№29 «Түгіскен» сайлау округі** | | | | |
| 1 | Алибеков Алғашбек Жорабекович | 06.01.1967 | «Жанақорғансушар» РМК инженер-гидротехнигі | Жаңақорған ауданы, Өзгент ауылы |
| 2 | Абдуллаев Бахытжан Аманкелдіұлы | 23.09.1968 | «Жаңақорған шипажайы» АҚ бас директоры | Жаңақорған кенті |
| 3 | Амитов Нуридин Егенбердиевич | 01.01.1968 | Облыстық медицина орталығы директорының орынбасары | Қызылорда қаласы |

Облыстық сайлау комиссиясының «Сыр бойы» газетінің 2016 жылғы 17 ақпанындағы №24 санында жарияланған облыстық мәслихаттың депутаттығына тіркелген кандидаттар туралы хабарламасындағы тізімнен Көмірбаев Жұмабек Сейтжанович алынып тасталсын.

● БРИФИНГ

# ӨҢІРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**“Сыр медиа” ЖШС жанындағы коммуникациялар орталығында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мәлік Тұрмановтың қатысуымен брифинг өтіп, онда аймақтың 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары таныстырылды.**

Сала басшысының айтуынша, әлемдік экономикада орын алып жатқан келеңсіз жағдайларға қарамастан, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы сақталып, қоғамдық ахуал тұрақты деп бағалануда. Бюджеттен қаралған әлеуметтік төлемдер бойынша барлық міндеттемелер уақытылы орындалған.

– Жыл қорытындысымен өңдеуші өнеркәсіпте оң даму қарқыны бар. Металлургия, химия және тамақ өнеркәсібінде өндіріс көлемінің артуы байқалады. Индустрияландыру картасы шеңберінде жалпы құны 2,3 млрд теңгенің бес жобасы жүзеге асырылып, 253 жұмыс орны құрылды. Одан басқа аграрлық секторда елеулі өсім байқалды. Оның ішінде мал шаруашылығы мен егін шаруашылығында даму динамикасы қамтамасыз етілген, – дейді М.Тұрманов.

Сондай-ақ, ол мұнай өндіру көлемінің 9,5 пайызға кемуі салдарынан облыстың өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі байқалып отырғандығын айтты. Ірі жобалардың аяқталуы мен мұнай компанияларының инвестиция көлемін азайтуынан құрылыс-монтаж жұмыстары мен негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемінің төмендеу фактілері орын алған.

Теңге бағамының еркін айналымға кетуі салдарынан инфляция деңгейі 2015 жылдың желтоқсан айында 14,7 пайызды құраған. Оның ішінде азық-түлік тауарларының бағасы 9,9 пайызға, өзге тауарлар бағасы 25,2 пайызға, ақылы қызметтерге 10 пайызға өскен. Десек те, мамандар азық-түлік тауарларының облыстағы бағасы орташа республикалық көрсеткіштен төмен болғанын айтады.

2015 жылға облыс бюджеті 191 млрд теңге көлемінде бекітіліп, нақтыланған бюджет 182,9 млрд теңгені құраған. Жан басына шаққандағы бюджет шығыстарына келетін болсақ, бұл көрсеткіш бойынша Қызылорда облысы республикада бесінші орында және әлеуметтік сала шығыстары бойынша бірінші орында тұрғаны белгілі болды.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# “ДАМУ” ҚОРЫ КӘСІПКЕРЛЕР ЖОБАСЫН ҚОЛДАУДА

**“Сыр медиа” ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында “Даму” кәсіпкерлікті дамыту қоры” АҚ-ның облыстық филиалы директоры Жансұлтан Матаев БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Жиында Ж.Матаев аталған қордың өткен жылы аймағымызда атқарған жұмыстары мен алға қойған мақсаттарына тоқталды.**

Үстіміздегі жылдан бастап Даму қоры «Жаңа ашылған бизнесті қолдау» және «Студент жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау» жаңа оқыту бағдарламаларын іске асыруды қолға алуда. Жобалардың жүзеге асуы аясында Даму қорының облыс бойынша аймақтық филиалы жастарға және бастауыш кәсіпкерлерге арналған тегін оқыту семинар-тренингтерін ұйымдастыруды бастады. Айта кету керек, балабақша, шаштараз, полиграфиялық немесе жиһаз цехын ашуға ниетті кәсіпкерлерге арнап, бизнес ашып, оны жүргізудің қыр-сырын түсіндіру мақсатында семинарлар ұйымдастырылды. Табысты кәсіпкерлер мастер-класс жүргізіп, өз тәжірибесімен бөлісіп отырады.

2010 жылдан бастап жұмыс жасап келе жатқан «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына өткен жылдың наурыз айында біршама өзгерістер енгізілген болатын. Енгізілген өзгерістер бойынша кәсіпкерлікке қолдау көрсету құралдары бір бағдарламаға бекітіліп, Бизнесті дамыту «Бизнестің жол картасы –2020» бірыңғай бағдарламасы болып қайта бекітілді. Осыған сәйкес аталған бағдарламаның ауылдық жердегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Жаңа бизнес жобаларды қолдау» бірінші бағыты аясында жалпы құны 380 млн теңгені құрайтын 20 субсидиялау жобасына қол қойылды. Ал екінші бағыты бойынша 6 200 млн теңгені құрайтын 63 жоба қолдау тапты. Өткен жылы кәсіпкерлердің несиелері бойынша төленген субсидияның жалпы құны 657 млн теңгені құрады.

Аймақта мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуы барысында өткен жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Сбербанк» және «Fortebank» АҚ белсенділік танытты. «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасында қаржылай емес қолдау тетіктері де қарастырылған. Облыс тұрғындарына өткен жылы 5941 рет қызмет көрсетілді. Аталған бағдарламаның облысымызда жүзеге асуы барысында 317 кәсіпкерлік субъектісімен субсидияландыру келісімшарты жасалды. Несие портфелінің көлемі 22 395 млн теңгені құрады. Оның ішінде 104 жобаға «Даму» қорының кепілдендіруі беріліп, кепілдендірілген несие портфелінің жалпы құны 3 097 млн теңгеге жетті. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде төленген субсидияның жалпы көлемі 2 438 млн тегені құрап отыр.

Аталған қордан қолдау тапқан кәсіпкерлер 7180 жұмыс орнын сақтап қалып, 3626 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік алды. Ж.Матаевтың айтуынша, биылғы жылы да атқарылар істердің ауқымы кең. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның облыстық филиалы үстіміздегі жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бірыңғай бағдарламасын негізге ала отырып, кәсіпкерлер жобасының қаржыландырылуын арттырады.

**Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.**

# АРАЛДА «ОНЛАЙН ОРТАЛЫҚТАРЫ» АШЫЛДЫ

**Сексеуіл кенті кітапханасында БҰҰ-ның даму бағдарламасының қаржыландыруымен толықтай ақпараттық технологиялармен жабдықталған «Онлайн орталығы» ашылды. Қазіргідей жаһандану заманында ауыл тұрғындарының әлеуметтік және экономикалық белсенділігін арттыруды мақсат тұтқан жоба көпшіліктің көңілінен шықты.**

«Онлайн орталығында» ауыл тұрғындары мен кәсіпкерлер компьютерлік сауаттылыққа дағдыланып, интернет арқылы ақысыз тренингтерден, семинарлардан деректер, кеңестер алады. Ашылу рәсіміндегі семинар-тренингке кент әкімі Мейрам Тұрымбетов, кенттік учаскелік полиция бөлімшесінің басшысы Е.Орманұлы, «Тілеуқұл ишан» мешітінің имамы А.Ізбасқанов, өзге де ел ағалары қатысты.

Осындай «Онлайн орталығы» Қамбаш ауылдық округінде де іске қосылды. Бұл жобаға БҰҰ даму бағдарламасы қолдау көрсетіп, «Қамбаш» ауылдық кітапханалары базасында іске асырылуда. Жобаға қатысушы ауыл кітапханалары компьютер, МФУ және интернетті пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Ашылу рәсімінде ауыл әкімі Б.Махатов, кітапхананың тұрақты оқырмандары Н.Алтауов, А.Тәжидинов ізгі тілектерін білдірді. Шара барысында қатысушыларға жоба туралы толық ақпарат беріліп, кітапхананың тұрақты оқырмандары әннен шашу шашты.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Арал ауданы.

● ТАТУЛЫҚ ТУЫ

# САН ҰЛТҚА САЯ БОЛҒАН ҚҰТТЫ МЕКЕН

Сонау қиын кезеңде атамекендерін тастап қазақ елінен пана тапқан ұлттар бүгінде бір шаңырақ астында тату-тәтті, бірлігі мен ынтымағы жарасқан біртұтас ел ретінде ғұмыр кешіп келеді. Міне, сондай ұлттардың бірі – түріктер. Біздің ата-бабаларымыз да кең-байтақ қазақ даласына тұрақтап, мекеніне айналдырады. Оларға қазақ бауырларымыз қол ұшын беріп, бауырына басады. Сондықтан да тез сіңісіп кетеді. Менің анам кезінде атақты діндар, емші болыпты. Қазір анамның жолын ауылда Бәдір деген інісі жалғастырып келеді. Өзім 1973 жылдан бастап ұжымшарда жүргізуші болып жұмыс істедім. 1995 жылы жеке автобус сатып алып, кәсіпкерліктпен айналыса бастадым. Күніне екі мезгіл аудан орталығы – Жосалы кентіне ауылдан адам тасымалдадым.

Отбасымызда қазақы дәстүрді ұстанамыз. Жұбайым Нармина екеуміз өмірге 5 бала әкелдік. Тұңғышымыз Дильфура – ауылдағы мектепте мұғалім. Ұлым Дунядар жүргізуші, келінім Эльмира да ауылдың қызы. Ұлым мен келінім бізге 3 немере сүйгізіп отыр. Флюра қызым Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің физика-математика факультетінде оқыған. Қазір Түркияда. Дилярам Алматыдағы медициналық академияны оқып бітірген. Өзімен бірге оқыған ауылдың жігіті Русланға тұрмысқа шықты. Қазір олар да Түркияда тұрады. Ал кенжеміз Райла Алматы қаласындағы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетте оқып, қазір Түркиядағы оқу орындарының бірінде магистратурада білімін жетілдіріп жүр.

Мен түрік, қазақ, орыс, өзбек және корей тілдерінде еркін сөйлеймін. Туған елімді, бауырларымды және ана тілімді қадірлеймін. Сондықтан туған елім – Қазақстанды ешқашан айырбастамаймын. Себебі мен осында тудым, өсіп-өндім, отбасын құрып, баянды бақытымды таптым.

Негізінен қазақтардың қонақжайлылығына қайран қалам. Қай кезде де ақ көңілдері секілді есіктері айқара ашық, дастарханды жаюлы тұрады. Басқалар секілді «өзге ұлтсың» деп өзегіңнен теппейді. Қайта жақын тартады. Әр ұлттың салты басқа деген бар ғой. Мен той жасасам, бірінші қазақы дәстүрмен қазақ туысқандарыма арнап бөлек дастархан жаямын. Балаларыма «әрдайым туған жерлерінді қадірлендер, қай елде тұрсаңдар сол елдің тілінде сөйлеулерің керек» деп айтып отырамын. Бізді осындай бақытқа жергілікті халықтың, жанашыр жандардың арқасында жеткенімізді естеріне жиі саламын. Сондықтан бір аданың баласындай болып кеткен қазақ бауырларымыз алғысын шексіз.

Былтыр ҚХА-ның XXII сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1 наурыз Алғыс айту күні ретінде белгілеуді ұсынған бастамасын бүкіл ел бірауыздан қолдады. Осылайша жаңарған һәм жаңғырған біздің елде биыл тағы бір игі бастама жүзеге асқалы отыр. Бұл ұлт достығының басты байлығымызға айналғандығының белгісі.

Достығы мығым елдің іргесі берік демей ме?! Өзге мемлекеттер біздің түрлі ұлт өкілдерін бір арнаға ұйыстырып отырған қасиетімізге қайран қалады. Мен қазақ елінде өмір сүріп жатқанымды мақтан етемін және де ризашылығымды білдіремін.

**Бахши БАЙРАҚТАРОВ.**
Қармақшы ауданы.

# №15 “Ғарышкер” сайлау округінен облыстық мәслихат депутаттығына кандидат БАДАШЕВ АРМАН АЙТМАХАНҰЛЫ

## ӨМІРДЕРЕК

Бадашев Арман Айтмаханұлы 1969 жылы 14 маусымда Қазалы ауданының Жалаңтөс баһадүр ауылында дүниеге келген. №103 Қ.Пірімов атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Қызылорда теміржол транспорты техникумын жол шаруашылығының құрылысы және оны пайдалану мамандығы бойынша тәмамдаса, 1988-1990 жылдар аралығында Латвия астанасы Рига қаласында әскери борышын өтеген.

1990-1992 жылдары ПСМУ Қызылорда мелиорация УПТКА мекемесінде ағаш ұстасы,

1992-1994 жж. «Бек» ЖК ағаш ұстасы болып жұмыс жасаған.

1994-1998 жж. «Алаугаз» АҚ бақылаушысы,

1998-2000 жж. «Шұғыла» ЖШС бақылаушысы,

2001-2006 жж. «Айдан-Мұнай» ЖШС бақылаушысы,

2006-2010 жж. «Мелиоратор» ЖШС жабдықтау бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2010 жылдың 22 мамырынан «Таңатар-Құрылыс-Сервис» ЖШС директор қызметін атқарып келеді.

2013 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін сыртқы бөлімінде құрылыс мамандығы бойынша бітірді.

Отбасылы, 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отыр.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті сайлаушылар!

Әрбір саналы азаматтың ақыл-ойы толысып, кемеліне келген кезде ел-жұртымның аманатын арқалайын деген арманы болуы тиіс деп ойлаймын. Сондай арман мені де мазалап, №15 «Ғарышкер» сайлау округінен Сіздердің сенімдеріңізден шықсам деген таудай талаппен осы жылдың 20 наурызында өтетін облыстық мәслихат депутаттығына сайлауға түспекке бел буып отырмын.

«Мейірімділікті анадан үйрен, әділдікті данадан үйрен» демекші, мұндай шешімге келу себебім, ең бірінші отбасымыз бен еліміздің жарқын болашағы!

Әр азамат – өз заманының баласы. Мен де қазіргі егемен елімнің азаматы ретінде сіздердің заманға сай қуатты, құқық алдында тең, әділ қоғамда болашаққа сенімді өмір сүрулеріңізді қалаймын және сол үшін күресуді өзімнің парызым деп түсінемін!

Қарқынды дамып келе жатқан еліміздің болашағы жеткіншек жастарымызды тәрбиелеудің салықалы саясатын жүргізу, оларға отбасындағы, мектеп қабырғасындағы және қоғамдық орындардағы тәрбие жұмыстарының сапасын арттыруға атсалысамын. Оларды терең білім мен адал еңбек арқылы қоғамымызға, дінімізге және қазақ болмысына жат, Абай атамыз атап өткен бес жаман қылықтан қашық болуға насихаттауды үнемі және тұрақты түрде жүргіземін.

«Құдайға құрмет – елдің салты, еліне құрмет – ердің салты». Жас ұрпағымызды имандылыққа тәрбиелейтін – Дін. Осы дінді насихаттайтын мешіттерге қайырымдылық жасау тікелей міндетіміз деп білемін.

Қызылорда – қарқынды өсіп келе жатқан менің сүйікті қалам. Сондықтан қаламыздың әр тұрғыны осы қалада қолайлы тіршілік етіп, қаланы өз үйіндей сезінетін халге жеткізу үшін ең алдымен тұрғын үй-шаруашылық кешенімен байланысты жылу, электр жүйесі мен жол жағдайларын жақсарту, қала ішіндегі көлік қатынасы мен көшелерді көгалдандыру сияқты маңызды мәселелерді құзырлы органдардың назарына ұсына отырып, оңтайлы шешуді талап ету азаматтық борышым деп санаймын.

Сайлау округіне қарасты өңірдің бірнеше жыл бойы шешілмей келе жатқан өзекті мәселесі – жол жөндеу жұмыстарын құзыретті орындармен бірге шешуге атсалысамын.

Азамат жолы – ар жолы. Осы сайлауалды бағдарламамда аталған уәделерімді аймақ мүддесіне сай шешуге өзімнің өмірлік тәжірибемді пайдаланып, үлкен жауапкершілікпен орындау үшін қызмет атқаруға дайынмын.

# №15 “Ғарышкер” сайлау округінен облыстық мәслихат депутаттығына кандидат ЕСІМҚҰЛОВА САЯГҮЛ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

## ӨМІРДЕРЕК

Есімқұлова Саягүл Жамбылқызы 1961 жылдың 14 қаңтарында Жалағаш ауданының Аққум ауылында туған.

1968-1976 жылдары №38 орта мектепте, 1976-1978 жылдары Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінде білім алған. 1978-1983 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқып, математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

2002 жылы Алматы экономика және статистика институтын экономист мамандығы бойынша сырттай бітірген.

1983 жылы еңбек жолын Қызылорда қалалық комсомол комитетінде статистик қызметінен бастап, 1984-1991 жылдар аралығында есеп секторының меңгерушісі болса, 1992-2001 жылдары Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің бас маманы қызметін атқарған.

2001 жылдың шілде айында Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметіне тағайындалып, қазіргі уақытқа дейін атқаруда.

С.Есімқұлова жұмыс атқарған жылдары қаланың кітапхана саласының дамуына зор үлесін қосты. 1997 оңтайландыру жылдары жабылып қалған Белкөл, Талсуат, Қызылжарма ауылдық кітапханаларының қайта ашылуына және қаланың Ақмешіт, Коммунизм, Титов, Сәулет мөлтек аудандарынан қалалық кітапхана бөлімшелерін ашуға ықпал жасады.

Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өркендеуіне, облыс мәдениеті мен өнерін өркендетуге қосқан үлесі және өз саласы бойынша қол жеткізген жетістіктері мен белсенді қызметі үшін бірнеше мәрте Қызылорда облысы әкімінің, облыстық мәдениет басқармасының, қала әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталып, кітапхана ісінің дамуына зор үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасы Бас директорының марапатына ие болды.

2009 жылы «Қызылорда облысының 70 жылдығы және Қызылорда қаласы іргетасының қаланғанына 190 жыл» мерейтойына арналған төс белгілерімен марапатталды.

Саягүл Жамбылқызы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ол Қазақстан Республикасы Кітапханалар ассоциациясының, облыстық «Ұрпақтан-ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің және Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі.

С.Есімқұлова отбасында аяулы ана. Ұлы Бауыржан Алматы қаласындағы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық-техникалық университетінің 4-курс студенті.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Тәуелсіздіктің 25 жылында еңсесі биік ел болды. Тәуелсіздікті қатар алған басқа елдерден үздік шығып, Орталық Азияның көшбасшысына айналды.

Бүгінде тәуелсіз елімнің әрбір даму қадамдары мен алға басқан адымдары – менің мақтанышым. Ал қоғамдағы көңіл толмас кемшіліктер мен проблемалық мәселелер мені көпшіліктің игілігіне жұмыс жасауыма жетелеп отырған бірден-бір себеп дер едім.

Ел қамын ойлаған азаматтар үшін парыз – қоғамның алға ілгерілеп, жаңа жетістіктерге жетуіне, адамдардың өмір деңгейінің артуына жағдай жасау, жас ұрпаққа, балаларымыз бен немерелерімізге жаңа мүмкіндіктер ашу.

Сайлаушыларды толғандырып жүрген көптеген мәселелер мен үшін жете таныс. Себебі, мен осы қалада 30 жылдан астам уақыт тұрып, қызмет етіп келемін. Сондықтан мемлекеттіміздің кемелдене түсуіне үлесімді қосуды мақсат етемін. Халық қалаулысы болу мен үшін мансап емес, зор міндет.

Жауапкершілігі мол қызметте жүргендіктен, аманат жүгінің салмағын сезінемін.

Біліктің ортасында жүріп, халықтың сөзін сөйлеп, дауысын жеткізуге, ортақ мүдде бағытында аянбай қызмет етуге сендіремін.

Облыстық мәслихат депутаттығына талаптана отырып, Сіздердің таңдауларыңызға ие болған жағдайда төмендегі бағыттарда жұмыс атқаруды көздеймін:

• Облыстағы жұмыс беруші, жұмышы және мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін актілердің әділетті болуына, дәл орындалуына өкілетті органдардың бақылауын күшейту;

• «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының аясында жұмыссыздардың еңбек нарығының сұранысына орай мамандық алуына, жұмысқа орналасуына ықпал ету;

• Қоғамның, биліктің әлеуметтік жағынан әділ болуына, қарттарға, балаларға, мүгедектерге, әлеуметтік қорғау тұрғысынан аз қамтылған, оралман отбасыларына атқарушы биліктің оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал ету. Мүмкіндігі шектеулі балалардың озық технология құралдарымен қамтамасыз етілуіне күш салу;

• Ана мен бала денсаулығының қорғалуына, бұл мәселені реттейтін құқықтық бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуына бақылау жасау. Қоғамда әйел-аналардың лайықты орын алуына ықпал ету;

• Білім саласындағы мемлекеттік, өңірлік бағдарламалардың түпкілікті нәтиже үшін жұмыс жасауын бақылау;

• Республикамыз бойынша жүзеге аса бастаған жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету, көпқабатты үйлерді жаңғырту бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар аясындағы жұмыстардың Қызылорда қаласында жүзеге асуына және бағдарламаның сапалы орындалуына ықпал жасау;

• Азаматтардың әлеуметтік аз қорғалған топтарына тұрғын үй көмегінің берілуіне ықпал ету.

(Қаржысы республикалық бюджет есебінен).

# ЕЛ ЕРТЕҢІ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел – 2050» даму стратегиясында: «Жастар – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегі», - деп, ел сенімінің жастарға артар жүгі ерекше екендігін атап айтқан болатын. Қашан да болсын өз халқына деген сүйіспеншілігі зор, бойында білімі мен тәрбиесі қатар ұшталған, туған топырағының қасиетін бағалай білген жалынды жастар жарқын болашаққа деген сенімді арттырады. Жастайынан білім нәрімен сусындап өскен, ғылымға құштар ел ұрпағы мықты білім ордасында шыңдалса, келешекте өз мамандықтарының нағыз шеберлері болып шығады. Жыл сайын мектеп түлектерін жылы шыраймен қарсы алып, жалынды жастарды ғылым мен білімге жетелейтін еліміздің жетекші жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Мұнда студенттер білім ғана алып қоймай, ғылымдағы ізденістерін қатар алып жүретіндіктен, ҚазҰУ түлектерінің қадамы қашан да бір деңгейге артық.

Қазіргі кездегі жаһандық экономикалық қиындықтарға төтеп бере алатын, зерттеп шешім шығара алатын мамандар елімізге аса қажет. Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес Жоғары мектебі жыл сайын еңбек нарығына бәсекеге қабілетті, білімі мен дағдылары талапқа сай мамандар дайындап шығарады. Себебі, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің күрделі ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шеше алатын ғылыми ұжымы бар. Жоғары мектептің профессорлық-оқытушылық құрамы үш деңгейде жас мамандар мен ғалымдарды дайындайды – бакалавр, магистр, философия докторы (PhD). Оларды даярлау бағдарламалары бойынша шетелдердегі, атап айтқанда, Италия, АҚШ, Ұлыбритания, Жапония және тағы басқа елдердегі профессорлар құрамымен іс-тәжірибе алмасу бағытында тығыз қарымқатынаста жұмыс жасайды.

ҚазҰУ-дің Жоғары мектебінің экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.А.Садыханова басқаратын «Экономика» кафедрасы студенттер мен магистранттардың ғылымға деген жолдарын ашып, оларды докторлық ізденістерге тартады. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы осы мақсатта тұрақты түрде ғылыми конференциялар, олимпиадалар мен тренингтер өткізеді. Ондағы мақсат – жастардың ғылымға деген құштарлығын арттыру, зерттеулер, өзіндік талдау жұмыстарын жүргізу, ғылыми мақала, жобалар дайындау арқылы көзқарастарын кеңейту, меңгерген білімдерін неғұрлым тереңірек ұштау. Аталған кафедраның оқу үдерісі барысында кең қолданылатын және жаңа үлгідегі компьютерлерде жұмыс істеу мүмкіндігі бар, дамытылған информациялық-техникалық базасы бар. Сонымен қатар кафедрада, тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес және студенттер мен жекелеген ұстаздардың ұсыныстары бойынша көптеген шаралар ұйымдастырылып тұрады.

Қорыта келгенде, тереңінен ойлай алатын, болжап-жоспарлай алатын мықты маман ғылымда ізденіс жасаған тұлғалардан шығады. Ондай мамандардың нарықта бәсекеге қабілеті мол, әрі тигізер пайдасы да орасан зор. Сол себепті, ҚазҰУ-дің ЭжБЖМ-де білім алып, өзіне пайдалы дағдылар қалыптастыруға, қасиеттері мен қабілетін ұштауға, ғылымға жұмсаған жастар үкілі үміттің тірегі болмақ. Болашақ – жастардың қолында.

**Динара РАХМАТУЛЛАЕВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЭжБЖМ «Экономика» кафедрасы меңгерушісінің орынбасары.**
**Елдос БОЛАТБЕК,**
**«Экономика» мамандығы, 4-курс студенті.**

**Сейсенбіде Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәжілісі залында медицина мамандары мен үкіметтік емес ұйым өкілдері бас қосты. Жиын барысында ана мен бала денсаулығын жақсарту, жетім балалар санын азайту жолдары мен “Чернобыль және Арал балалары” халықаралық қоғамдық қоры ұйымдастырған “Отбасындағы бала” жобасының алғашқы нәтижелері талқыланды.**

# СӘБИЛЕР ОТБАСЫМЕН БАҚЫТТЫ

Былтыр жазда басталған аталған жоба жаңа туылған нәрестелер мен 3 жас аралығындағы балалардың әлеуметтік жетімденуінің алдын алуға бағытталған. Жобаны ұйымдастырушы Құралай Исаева бүлдіршіндердің отбасында ата-ана қамқорлығына бөленіп, балалық шағын бақытты өткізгенін қалайды. Оның айтуынша, 2015 жылы елде 1018 бала жетім қалса, оның 80 пайызының ата-анасы немесе жақын туысқандары бар екен. Алайда, олар әртүрлі себептерге байланысты бала тәрбиесімен айналыса алмайтындықтарын көрсеткен.

– Біздің аймақта ғана емес, еліміз бойынша балаларынан бас тарту қаупі бар топқа жататын отбасылар мен балаларды, интернаттық мекемелердегі балаларды толық қамтитын инновациялық әлеуметтік қызмет инфрақұрылымын енгізу үрдісін жылдамдатуымыз қажет. Ал мен жетекшілік ететін қоғамдық қор мен перинаталдық орталық, №4 емхана мамандары бірлесе жүзеге асырған жоба алғашқы нәтижелерін де көрсетті. Мәселен, былтыр қала бойынша баласынан бас тартуға оқталған 39 отбасының 29-ы жүргізілген жұмыстар нәтижесінде өз пікірлерін өзгертті. Сәбилер ата-анасынан жырақтап кеткен жоқ. Сонымен қатар, қауіпті топқа жататын әйелдерге 300-ден аса арнайы әлеуметтік көмек көрсетілді, – деді Құралай Исаева.

Жоба ұйымдастырушыларының айтуынша, бұл мәселелер әлеуметтік жағдаймен тікелей байланысты. Сондай-ақ, балалардың туабітті науқасқа шалдығуы ата-аналардың ауыр қадамға баруына түрткі болуда. Сондықтан бүгінде аймақтағы әрбір емханада отбасын жоспарлау кабинеттері жұмыс жасауда. Себебі, ақ халаттылар облысымыздағы 100 әйелдің тек сегізінің ғана денсаулығы мықты екендігін айтып отыр.

**М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.**

# ТУБЕРКУЛЕЗБЕН КҮРЕС АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

**24 ақпан – 24 наурыз аралығын қамтитын туберкулезбен күрес айлығы өңірімізде биыл да дәстүрлі жалғасын тапты.**

Осыған орай облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері Әбдіғабит Әбләзім баспасөз мәслихатын өткізіп, туберкулез ауруының аймақтағы ахуалын таныстырды, аурумен күресте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды және туберкулезбен күрес айлығының мақсаты жөнінде айтып берді.

Бас дәрігердің айтуынша, туберкулездің, оның ішінде көп дәріге тұрақты туберкулездің таралуын тежеу үшін инфекциялық бақылау шараларын күшейту, облыстағы туберкулезге қарсы мекемелердің материалдық базасын жақсартуға 344782 теңге қаралып, сол қаржыға Қызылорда қалалық тубдиспансері күрделі жөндеуден өткізілсе, барлық тубдиспансерлерге тәуліктік күзет бекеттері қойылған және бейнеқондырғылармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, әрбір 10000 балаға 1 фтизиопедиатр штаты бекітіліп, қалалық тубдиспансер фтизиопедиатрлары көбейтілген.

– Сонымен бірге, мобильдік топ құрылып, емге қатынауға жағдайлары жоқ науқастарға дәрі тасымалданып берілуде. Аурудың алдын алу, емдеу жұмыстарын жақсарту мақсатында алғашқы медициналық көмек беру ұйымдарының мыңнан астам маманына семинар сабақтары өткізілді. Туберкулезге қарсы шаралардың, оның ішінде ем нәтижелілігін арттыру үшін амбулаториялық емдегі науқастарға әлеуметтік көмек ретінде 124390,32 теңге қаралып, 1088 наукас көмек алды,– дейді диспансер бас дәрігері Әбдіғабит Әбләзім.

Осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде соңғы үш жылда аурушаңдық көрсеткіші тұрақтанған. Мәселен, 2014 жылы облыс бойынша 573 адам алғаш рет тіркелсе, өткен жылы олардың саны 549-ды құрап, 100 мың тұрғынға шаққандағы аурушаңдық көрсеткіші 2014 жылы – 76,8-ден, өткен жылы 72-ні көрсетіп, 5,7-ге азайған. Алайда, мамандар балалар мен жасөспірімдер арасында аурушаңдықтың жоғары болып тұрғанын жасырмайды. Атап айтқанда, 2014 жылы 31 бала алғаш рет ауырып тіркелсе, өткен жылы 32 баланы құраған. 2014 жылы 50 жасөспірім тіркелсе, былтыр 52 жасөспірім алғаш рет ауырып тіркелген.

Туберкулездің алдын алу мақсатында тұрғындарды флюорографиялық әдіспен тексеруден өткізуге өткен жылы 401959 тұрғын жоспарланып, оның 376359-ы қамтылған, яғни, жоспар 93,6 пайызға орындалған. Аталған тексеру нәтижесінде 54 науқастың туберкулезбен ауыратыны анықталған. Сонымен бірге, бактериоскопиялық әдіспен тексерілген 534 адамның 87,2 пайызында туберкулез микробактериясы табылған.

Ал 24 ақпан - 24 наурыз аралығында жарияланған Дүниежүзілік туберкулездің алдын алу айлығы аясында көптеген іс-шаралар жоспарланып отыр.

– Айлықтың басты мақсаты тұрғындар арасында туберкулездің алдын алуға байланысты санитарлық-ағарту жұмыстарын жандандыру, көпшілікті туберкулез мәселесіне назар аударту болып табылады,– дейді облыстық тубдиспансер бас дәрігері Әбдіғабит Әбләзім.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# СПОРТ — ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Қаладағы №198 орта мектебінде «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында «Спорт – денсаулық кепілі» атты волейбол сайысы болып өтті. Облыстық ассамблея хатшылығы мен «Қоғамдық келісім» мекемесінің ұйымдастыруымен өткен шараға түрлі этномәдени бірлестіктің мүшелері, белсенді жастар, мұғалімдер мен оқушылар қатысты.

Жастар арасындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау, достық, бірлік пен татулық ұғымын тереңінен түсіну сайыстың басты мақсаты болып табылады.

Сайысқа төрт команда қатысып, өзара бақ сынасты. Тартысты өткен жарыста бірінші орынды татар этномәдени бірлестігінің жастары алса, екінші орын Қорқыт Ата атындағы ҚМУ студенттеріне бұйырды. Қырғыз этномәдени бірлестігінің жастары үшінші тұғырдан көрінді. Жарыста түрлі этнос өкілдерінен құралған «Достық» тобы командасы да тамаша ойын өрнегін көрсетті. Барлық қатысушылар арнайы жүлделермен марапатталды.

Алдағы уақытта да жастар арасындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру және «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасын насихаттау негізінде түрлі іс-шаралар өз жалғасын табатын болды.

**Сара АДАЙБАЕВА.**

# КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

**Жақында Қызылордада ашылған паллиативтік көмек беру бөлімшесін жабдықтауға аймақтың бизнес өкілдері белсенді атсалысын жатыр.**

Облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының міндетін атқарушы Дархан Мырзалиевтің айтуынша, облыстық кәсіпкерлер палатасының бастауымен аймақ кәсіпкерлері тарапынан онкоорталыққа 3 миллион теңгеге жуық көмек берілген. Алдағы уақытта да мұндай көмек жалғасын таппақ.

Меценаттар жаңа бөлімге жұмсақ, корпусты, медициналық жиһаздар, тұрмыстық техникалар, жүріс арбасын және өзге де науқастардың қажеттілігіне арналған заттарды алып берді. Бұл өзгелерге үлгі болсын. Сондықтан, қайырымдылық көрсеткен кәсіпкерлерді атап өткен жөн. Олардың басым бөлігі мұнайсервистік компаниялар, сондай-ақ «Frac Jet», «НефтьТехСервис», «ПиЭм Лукас Қазақстан», «Дос Инжиниринг», «Сыр Маржаны», «Kyzylorda Wildlife Foundation» сериктестіктері мен Жандос Қарабала, Мақсат Мүбарак, Анвар Якуповтар бар.

Кәсіпкерлер: «Емделушілерге моральдық көмек көрсетіп, қолдау білдіргіміз келді. Бұл бастаманы басқа да азаматтар жалғастырады деген сенімдеміз», – деп, өздерінің ізгі ниетін жеткізді.

– Облыс әкімінің қолдауымен жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға облыста онкологиялық дертпен ауыратын науқастарға паллиативтік көмек көрсетуге арналған 15 орындық хоспис ашылған болатын. Аталған ауруға шалдыққан, жағдайы өте төмен азаматтарға арналған мұндай орталықты ашу бұрыннан жоспарымызда бар болатын. Бірақ сәті енді түсті. Кәсіпкерлердің бірден көмек қолын созып, орталыққа қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткендігі көңілге қуаныш ұялатты, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әлназарова.

Айта кетейік, паллиативтік көмек беру бөлімшесінің емделушілеріне жәрдем жасауда палата жанындағы облыстық Іскер әйелдер кеңесі де қалыс қалмады. Кеңес мүшесі Айжан Шегенова бастаған нәзікжандылар орталықты бөлме гүлдерімен безендіріп, қабырға суреттерін табыс етті. Сондай-ақ, олар алда келе жатқан Халықаралық әйелдер күні қарсаңында сұлулық салоны қызметкерлімен бірге, орталықта жатқан қыз-келіншектерге қызмет көрсетпек.

**Дәурен ОМАРОВ.**

**Осыдан тура 60 жыл бұрын, яғни 1956 жылдың 25 ақпаны күні партияның ХХ съезі өтіп, онда жеке басқа табынудың зардаптарын жою туралы мәселе қаралды. Тарихқа «жылымық» деп таңбаланған кезең қалай басталды? Кеңестер Одағындағы құғын-сүргін дәуірінің аяқталуына не түрткі болды? Біз бүгін 60 жыл бұрын қабылданған қаулының қоғам өміріне қалай әсер еткені туралы танымдық материалды назарларыңызға ұсынамыз.**

# ЖЫЛЫМЫҚ



ХХ съезд кеңестік қоғамдағы бетбұрыстың, бүкіл елдің саяси өміріндегі жаңа бағыттың бастауы болды. Арада 60 жыл уақыт өтсе де, Хрущевтің баяндамасы жайындағы тарихшылар пікірталасына нүкте қойылмай келеді. Бір белгілісі, баяндаманың стенограммасы жасалмаған және ол съездің негізгі жұмысы аяқталған соң барып оқылған. Хрущев сөз сөйлеп жатқанда өлі тыныштық орнап, жарыссөзге шыққандар мүлде болмаған дейді. Баяндамада жеке басқа табынудың соңы неге апарып соқтырғаны туралы ашық айтылды. Алайда осынша құпиялыққа қарамастан, ХХ съезден соң Хрущевтің баяндамасынан алынған тезистер зауыттар мен фабрикаларда, аудандық, облыстық партия комитеттерінде талқылана бастады.

Негізі Хрущев жеке басқа табынуды әшкерелеуге асқан сақтықпен кірісті. Әу баста өзімен билікке таласуы мүмкін деген қарсыластарын тұқыртуды ойлаған. 1953 жылдың күзінде НКВД жанындағы айрықша мәжіліс тарады. Қылмыстық заңдылыққа «жаза тек сот шешімімен белгіленетіні» туралы жазылды. 1956 жылы ГУЛАГ жойылды. Жылдар бойы лагерьлерде жазықсыз отырған мыңдаған адамдарды босап шығып, атудан аман қалған партия, әдебиет, өнер қайраткерлері өз орталарына оралды. Ал 1953-1954 жылдары соғыстан кейінгі репрессияға қатысты саяси істер қайта қарала бастады. Саяси тұтқындар ішінара ақталып немесе жазасы жеңілдеп, кейбіреуі мерзімін толық өтеп бостандыққа шықты. Алайда Хрущев таяқтың бір ұшы өзіне тиетінін ойлады. Ол кезде кей лагерьлерде тәртіпке бағынбай қарсылық көрсеткендер бас көтеріп жатқан еді. Бұл жағдайлар Хрущевті барлық заңсыздықтар үшін Сталинді айыптау бастамасын өз қолына алуына мәжбүр етті.

Көптеген тарихи еңбектерде жеке басқа табынуды әшкерелеу қоғамның қатығездіктен шаршағандығынан туындады деп те жазылған. Деректерге қарағанда 1955 жылдың соңына қарай Хрущевтің тапсырмасымен арнайы комиссия құрылады. Комиссия бірталай саяси тұтқындардың ісін қайта қарауға ұсыныс жасады. Оған қоса өз жұмыстарының қорытындысы туралы ХХ съезде хабарлама жасау керек еді. Съезге әзірлік барысында Хрущев лагерьден оралған көнекөз большевиктерді пайдаланып, делегаттардың көңіл-күйін білгісі келді. Ол баяндаманың алғашқы нұқасын іске алғысыз етіп тастады да, үстінен редакциялады. Аталған баяндамада өткен жылдары орын алған заңсыздықтар, репрессияның зардаптары, Сталиннің тікелей қатысы туралы айтылды. Соғыс қарсаңында заңсыз сотталып, атылған Тухачевский сияқтылардың аты аталды. Алайда бұл тізімде Троцкий, Бухарин, Рыков, Каменов сияқты саяси оппозиционерлер есімдері жоқ болды. Сондай-ақ жаппай репрессияның пайда болу себебін тікелей Сталинмен байланыстырды. Баяндамашы Кеңес әскерінің 1941-1942 жылдардағы күйрей жеңілуін де «соғысқа қамсыз отырған» деп Сталиннен көрді.

Сол съездің куәгері А.Яковлевтің естелігінде «Залда өлі тыныштық орнады. Креслолардың сықыры, сыбыркүбір, жөткірінген дыбыстар сап тыйылды. Бәлкім, бойларын үрей билегендіктен болар, мүмкін мұндай әңгіменің күтпеген жерден айтылғанына күдікпен қарағандықтан шығар, залдағылар тіпті бір-біріне қарауға қорқып отырды» деп жазылған.

Делегаттар да, олардан соң баяндаманың мазмұнын білген Кеңес азаматтары да есеңгіреп қалды. Мемлекет құрудағы, кеңестік әрбір адамның өміріндегі Сталиннің рөлі туралы тұтас концепцияның бір-ақ сәтте быт-шыты шықты. Бірақ КСРО-да жаппай қарсылық акциялары өтпеді. Жұртшылық баяндамадағылардың бұрын қалай айтылмағанына аң-таң болысты.

Қоғам жеке басқа табынуды әшкерелеуді жалғастыруды қолдайтындар мен басшылықтың бұл әрекетін қателік деп санайтындар болып екіге жарылды. Елде көсемге қойылған ескерткіштер біртіндеп құлатыла бастады. Бірақ Грузияда бұған қарсылық білдіргендер митингке шықты. Хрущев пен оның серіктестері жаңадан пайда болуы мүмкін толқулардан қауіптенді. 1956 жылдың 30 маусымы күні «Жеке басқа табынушылықты және оның зардаптарын жою туралы» Орталық Комитеттің қаулысы шықты. Бұл жолы қаулыда Сталиннің социалистік мемлекетті сыртқы жаулардан қорғаудағы еңбегі аталды. Жеке басқа табынудан келген зардаптар, әсіресе Сталиннің өзге адамның пікірімен санаспай қатты кететіні жайында жазылды. Қорытындысында жеке басқа табыну Кеңестік мемлекет пен компартияны өзгерте алмағаны туралы тұжырым нақтыланды.

Съезд КСРО-ның ішкі өмірі мен сыртқы саясатына маңызды өзгерістер әкелді. Жүз мыңдаған адам ақталып шықты. Егер 1953 жылдан бастап 1956 жылдың басына дейін бар болғаны 8 мың адам ақталса, 1956 жылдан бастап, яғни съезден кейін бар болғаны бір жыл ішінде 500 мыңнан астам адам ақталды. Тұтқынға түскен он мыңдаған неміс және жапон азаматтары елдеріне қайтарылды. 1958 жылдың 29 желтоқсанында Қылмыстық кодекстен «халық жауы» деген ұғым алынып тасталды.

Бұл кезеңде цензураның күші әдебиетте, кинода, өнердің басқа түрлерінде аздап болса да әлсіреді. «Новый мир» әдеби журналы жарыққа шықты. Көптеген авторлардың шығармалары шетелдерде танымал бола бастады. Халықаралық қатынастарда да жылымық орнады. Өз жерінен еріксіз депортацияланған шешен, қалмақ, балқар, т.б. халықтардың бастапқы құқықтары қалпына келтіріліп, олар туған жерлеріне көшуге рұқсат алды. Алайда қырым татарлары, месхет түріктері, Еділ бойындағы немістердің автономиялары сол бойы қалпына келтірілмеді. Ұлттық саясатта әміршіл-әкімшіл жүйенің сірескен тоңы толықтай ерімеді.

Хрущев кезеңінде жазықсыз қудалаған ғалымдар, әдебиетшілер, зерттеушілер өз салаларына қайта оралғанмен, қатаң бақылаудан арылған жоқ. "Саяси басқаша ойлауға" мүмкіндік берілмеді. Қоғамдағы келеңсіздіктерді ашық айтқандар құғынға ұшырады, психиатриялық ауруханаларға жабылды. КСРО Денсаулық министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, сол кезеңде "басқаша ойлаған" 90 мыңнан астам Кеңес азаматы психдиспансерлерге жатқызылған.

Съезден кейін Қазақстанда Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Н.Нұрмақов сынды қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар ақталды. Бірақ Алаш қайраткерлерінің еңбегі сол күйі айтылмады. Құғын-сүргінге ұшыраған Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов сияқты тарихшылар түрмеден шықты. Қазақстан тарихының көп мәселелеріне жаңа көзқарас қалыптасқанмен, Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың ұлтазаттық қозғалысына әділ баға берілмеді.

Қазақстандағы еркін ойды тұншықтыру әрекеті ОК-нің «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» қаулысымен бекітілді. Қаулыда қазақ зиялыларының ұлттық мәдениетке, ана тілінің тағдырына қатысты мақалалары «билікке қарсы шу көтеру үшін жазылған» деп айыпталды.

Жылымық жылдарында Қытайдың Шыңжаң аймағынан кезінде кеңестік режимнің қысымына шыдамай ел асқан, 1921-1922 мен 1929-1933 жылдары ашаршылықта жан сауғалап арғы бетке өтіп кеткен қазақтардың және олардың ұрпақтарының бір бөлігі атамекенге оралды. Оған 1954 жылы КСРО мен Қытай арасындағы қарым-қатынас туралы жасалынған 10 жылдық келісім-шарт, КСРО Министрлер кеңесінің ерекше құпия жарлығы, «Шекарадан тыс жерлердегі кеңес азаматтарын репатриациялау және оларды КСРО-да еңбекпен қамту» туралы қаулы негіз болады. Қайта оралған қазақтар, негізінен, Алматы, Талдықорған, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына шоғырланды. Алпысыншы жылдардағы кеңес-қытай қарым-қатынасындағы дағдарыстан кейін шекара жабылды. Тарихи деректерде «1954-1963 жылдары Қытайдан 268371 адам қайта оралды, оның ішінде 8984 адам басқа республикаға жіберілді. Оларды шегеріп тастасақ, сол жылдары Қытайдан Қазақстанға барлығы 259,4 мың адам келді» деген дерек бар.

Сол жылдардағы азаттыққа деген ұмтылыстың қазақ әдебиеті мен тарихына, саяси өмірінеептеп болса да оң әсерін тигізгенін жоғарыда атап өттік. Бірақ бұл көктем емес, жай ғана жылымық еді. Жылымық жылдарында да мұзы жібімеген идеологияның кесірі қазақ тарихы ақтаңдақтарының ашылуын тағы ондаған жылға кешіктірді.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

## АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАР

**Еліне адал қызмет етіп, халық жағдайының жақсаруына сүбелі үлес қосқан ағаларымыздың бірі – Шамиль Нұрымгереев. Жастайынан партиялық қызметте жүріп, жұртының ықыласына бөленген ол қашанда адал қызмет етуді өзіне азаматтық борыш санады.**

# ТЕКТІ ӘУЛЕТТІҢ ТҰЯҒЫ

Шамиль ағамыздың арғы аталары да өз заманында елдің сөзін сөйлеп, халқына қалтқысыз қызмет етті. Ұлы атасы Жолдасбай Орал губерниясы генерал-губернаторының жәрдемшісі бола жүріп, балаларды орысша оқытуға үгіттейді. Өз баласы Орынбасарды да Оралдағы фельдшерлік мамандық алуға оқуға беріп, ел билеу ісіне ерте араластырды. Үкілеген әке үміті ақталып, Орынбасар (1906-1918) Ойыл болыстығын басқарды және Романовтардың патшалық құрғанына 300 жыл толуына арналған мерейтойға шақырылған 13 қазақпен бірге мерекелік алтын медальмен марапатталды. Сондықтан да бел баласы Нұрымгерейдің гимназияда оқып, институт бітіріп, орыс тілінен сабақ берген алғашқы мұғалімдердің бірі болуы тегін емес еді. 1939 жылы Ойыл ауданы мұғалімдері атынан Москвадағы Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне делегат болып қатысты. Баба жолы балаға үлгі болып, осы бір асыл қасиеттер Шамиль ағамыздың бойынан табылды.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тура келген айтулы азамат қиын күндерді де басынан өткерді. Әкесі 1942 жылы соғысқа аттанып, содан қайтып оралмады. Анасы Қайша төрт баламен тұрмыстың ауыр күндерін басынан өткерді. Бұл жайлы ағамыздың «Өмір белестері» деген естелік кітабында айқын көрініс тапқан. «Кей күндері басқа тамақ болмағанда жалғыз қасқа сиырдың сүтін пісіріп, төрт балаға бөліп беріп, шешеміз аш қалатын. Қиындық көрген анамды 1949 жылы сүзек жалмады», – дейді ол.

Әкесі сабақ берген Сапаккөл жетіжылдық мектебін бітіріп, Ойыл ауданының орталығындағы орта мектептің 8 класына оқуға түсіп, интернатта жатып оқыды. Қиындықта жоғалтып алған анасының туыстарын тауып алып бір көруді, жүздесуді армандайтын. Мектеп бітіргеннен кейін, арада 18 жыл өткенде анасы Қайшаның бақи болар алдындағы тапсырмасымен нағашыларын іздеп Қызылордаға, Қазалы қаласына келеді. Отызыншы жылдардың кәмпескесінен аман қалғандары құшақ жая қарсы алып, Ойылда қалған басқа жиендерді де алдырады. Енді оған өмірдің жаңа есігі ашылып, көңілі жайланып, өзі Қазалыдан Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанады. Еліне абыроймен оралған сарбаз Н.В.Гоголь атындағы пединституттың жаратылыстану факультетіне оқуға қабылданды. Белсенділігімен институттың басқару құрылымына тартылып, факультет комсомол комитетінің хатшысы, институттың партия ұйымының мүшесі болып сайланды.

Жоғары білімді Шамиль аға мен жары Галя апамыз Қазалыға қайта оралып, мектепке жұмысқа тұрады. Көп ұзамай, 3-4 ай шамасында Шәкең Қазалы аудандық партия комитетіне жұмысқа шақырылады. Жұмысқа деген жауапкершілігі мен ізденімпаздығы ескеріліп, жас маманға 3 бөлмелі үй берілді. Аудандық партия комитетінде қызмет атқарған жылдары да ағамыз абыройлы еңбек етті. Қазалыдан облыстық партия комитетінің үгіт және насихат бөліміне ауыстырылды. Мұнда Қызылорда тарихында ізі қалған ардақты ағаларымен қызметтес бола жүріп, көп тәжірибе жинады. Облыстың бірінші хатшысы Хасен Бектұрғанов және Сейдула Танакеев, Қаржау Жарқынбаев, Дәуірхан Айдаров, Қалқабай Әбенов сынды ағаларымен әріптес болғанын ол әрқашан мақтанышпен айтып отырады.

Қалалық партия комитетінің партиялық ұйымдастыру бөліміне ауысқан жылдары да өзінің жұмысқа деген қабілеттілігін көрсете білді. Сол кездері партия кадрларын тәрбиелеу, бақылау, қызметтерінің өсуін қадағалау, жас кадрларды дайындау, ірі өндіріс орындарының басшыларына партиялық бағыт беру жұмыстары жүктелді. Бұл қызметін 10 жылдай атқарған Шамиль 1978 жылдың қыркүйек айында мемлекеттік бақылау жүйесіне ауыстырылды. Қалалық халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып бекітілді. Соңғы жылдары қалалық әкімшілікте қызмет жасап, адал еңбек жолында өзіндік қолтаңбасын қалдырды және өз міндетін халық мақсатынан жоғары қойды. Еліне адал еңбек еткен А.Шевцов, В.Ковалев, Ы.Қалиев, А.Айдосов, Э.Туровский, А.Қалыбаев, Ж.Шарипов сынды азаматтармен әріптес болды.

Ш.Нұрымгереевтің ұзақ жылдар бойы атқарған еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып, бірнеше рет марапатталды. «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И.Ленинның туғанына 100 жыл толуына» арналған медальдармен және ҚР Жоғарғы Кеңесінің, облыстық кеңестің, облыстық мәслихаттың Грамоталарымен марапатталды. Міне, Қызылорда тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған Шәкең жазушы, сатирик Табыл Құлыястың шығармалар жинағының басты кейіпкеріне айналуы кездейсоқ нәрсе емес.

Зейнетке шыққанша еңбек майданында абыроймен жүруіне оның жұбайы Галя апамыз да аз үлес қосқан жоқ. Өзі де жоғары оқу орнында ұстаз, ғылым кандидаты. Бүгінгі күні ардақты ата мен әже балаларымен мақтанып, өмірдің қызығы осы екенін жаңжүрегімен сезінеді. Барлық балалары Москваның жоғары оқу орындарында білім алды. Үлкені Эмиль М.В.Ломоносов университетін, Қанышы жерге орналастыру институтын, Қуаныш авиация институтының автоматты басқару бөлімін бітірген. Ал арпа ішіндегі бір бидай Ләйләсі – дәрігер. Бәрі де отбасылы, бала-шағалы, алды немере сүйген ата-әже. Нұрымгерей әулетінің төртінші буыны Лондонда, Нью-Йоркте, Боннда, Гаага сияқты атақты жоғары оқу орындарында білім алып, еңбек етуде. Ал, әулет келіндері ененің топырағынан жаралғандай бесаспап. Үлкен келіні Эва – кәсіпкер, екінші келіні Жамал – ғалым, үшінші келіні Луиза – дәрігер әрі кәсіпкер. Бәрі де отбасының берекесі.

Ол 2011 жылы мамырда Москвада тұратын үлкен ұлы Эмиль, Германияда тұратын ортаншы ұлы Қанышпен бірге 67 жыл өткенде ғана дерегі табылған әкесі Орынбасаров Нұрымгерейдің мәңгілік мекен тапқан жері Псков облысы, Пустошкин қаласы, Сергейцево селосына барып қайтты. Нұрымгерейдің кейінгі ұрпақтары мен перзенттік борышын өтеп, туған жердің топырағын салып, ескерткіш қойып, құран бағыштап қайтты. Әрине, бұл істе кенже ұлы Қуаныш пен оның жұбайы Луиза себепші болса, ұлқыздары, немерелері демеуші болып, ата-бабаларына ас берді.

Қазаны оттан түспеген, дастарханы жиылмаған бұл отбасының тірегі, берекесі – Шамиль ағамыз бен Галя апамыздың көрер жақсылық-қызығы көп болып, ынтымақ-ырысы ортаймасын деп тілейміз. Сексенге толған ақсақалдың өмір жолы кейінгі ұрпаққа өнеге.

**Мәдібек ИБРАЕВ,**
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.**

# РУХАНИЯТ ҚОЛДАУШЫЛАРЫ

**Жуырда танымал жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Аққуды атпас болар» атты туындысын құмарта оқып шықтым. Қаламынан он роман, жиырма бір повесть, жетпістен астам әңгіме туған қаламгердің осынау жаңа кітабын тек оқып шықтым деу аса солғын естілер еді. Ғажап әсерлендім. Ғұмырының өзі дастан қаламгердің Қытайдағы қандастарымыздың аянышты тағдырын, Шәкәрім қажының Қарасартов бастаған ГПУ жендеттерінің оғынан қаза тапқан, ақынның елу жыл бойы жинаған асыл қазынасы араб, түрік ойшылдары, ертедегі грек данышпандары кейінгі Еуропа мен орыс оқымыстылары шығармаларының құдайсыздардың қолымен өртелген сәтін жүрекке жеткізе суреттеуі кім – кімнің де жанарына жас үйірері анық. Түнді елегзумен өткіздім. Санама қажының жалын жұтқан құнды шығармалары, сонау дәуірдегі отқа оранған Отырар кітапханасы үздіксіз орала берді.**

Ал ертеңіне Қазалы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне толқи бас сұқтым. Оқырмандар залында адам қарасы баршылық екен. Біреу қажетті дерегін, екіншісі іздеген кітабын тауып мәресәре. Жайлы да жарық бөлмеде кітап оқып отырғандарды да ұшырастырдық. Осынау жанға жағымды көрініс «әлеуметтік желі қолданысқа енгеннен кітап оқуға деген құштарлық жоғала бастады» деген пікірдің ұшқары екенін тағы да дәлелдегендей. Мұны руханият шырақшылары қазалылық кітапханашылар да теріске шығармады.

Нақты кезеңде аудан көлемінде 26 көпшілік кітапхана халыққа рухани-мәдени қызмет көрсетеді. Олардың басым бөлігі нақтысы 21 кітапхана ауылдық жерлерде орналасқан. Аудан кітапханалары РАБИС бағдарламасын қолданысқа енгізген. Кітап қорының электронды қорын құру, жүйелілік, интернет желісі арқылы ақпарат ағынына ілесіп, оқырмандардың қажетті сұранымын өтеу тұрақты күн тәртібінде тұр. Заманауи, тың ақпараттарды меңгеруді мұраттаған Индира Назарова басқаратын қазалылық кітапханашылар ешқашан ізденуден жалыққан емес. Әрі еңбектерінің жемісін татуда.

Бүгінгі таңда аудандық орталық кітапхана РАБИС бағдарламасының бес модулімен жұмыс жасайды. Жаңалыққа құштарлардың алдыңғы легінде ауыл кітапханашылары бар. БҰҰ аясында «Даму» бағдарламасының демеушілігімен Жанқожа батыр, Өркендеу ауылдық кітапханаларынан онлайн орталықтар ашылды. Нәтижесінде Жанқожа батыр ауылының кітапханашысы Бақытқүл Айнияз елді мекен тұрғындарына кітапхана қызметіне қоса онлайн қызметін де көрсетуде.

Сарбұлақ – аудан орталығынан жырақ қоныстанған елді мекендердің бірі. Ауылдағы кітапхана мектеп-интернаттың бір бөлмесіне орналасқан. Басшылардан білгеніміз шағын бөлмедегі кітапхананың тындырған тірлігі толымды көрінеді. Ұзақ жылдардан бері осында кітапханашылық қызмет атқаратын Ұлжан Қарымсақова өз саласын жетік білетін, майталман маман. Оқырманның кітап оқуға деген дүниетанымын кеңейтуде, олардың шығармашылық қабілетін шыңдауда, түрлі тақырыптарда мәдени іс-шаралар ұйымдастыруда Ұлжанның белсенділігі мақтауға лайықты.

– Өткен жылдың тарихи оқиғаларға толы болғаны баршаға аян. Бұл тұрғыда кітапханашылардың әсте қалыс қалмайтыны тағы рас. Орайы түскенде түрлі мәдени іс-шаралардың басы-қасында жүретін орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Мағрипа Елдесбай, аға әдіскер Зоя Мұстафаева, кітапхана меңгерушілері Роза Бекетаева, Айсара Қожақова, Алмагүл Орынбай, Гүлнар Пірімбетованың есімдерін ерекше атап өткім келеді, – дейді Қазалы аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Индира Назарова.

Мерейлеріңіз үстем болсын, руханият шырақшылары.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# ОҚЫРМАН ХАТТАРЫ

● САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

## ДЕНІҢ САУ БОЛСА – ДӘУЛЕТ СОЛ

Елдің болашағы Отанның қорғаны болар жастардың қолында екені әркез айтылып келеді. Жастардың спортпен шұғылдануы, жоғары жетістікке жетуі ел үшін мақтаныш болса, оның денсаулығын қалпында сақтауы үшін таптырмас құрал болып табылады. Осы орайда өзін-өзі қамшылап, өмір бойы спортпен айналысып келе жатқан жандардың өнегелі ісін алға тартса, артықтығы болмас. Ардагерлер арасында гір тасын көтеруден 4 дүркін Еуропа, 5 дүркін Әлем чемпионы болған Серік Ибрагимов пен еркін күрестен жастар арасында 2012 жылы Азия чемпионы, әскери қызметкерлер арасында 2015 жылы өткен олимпиадалық ойынның қола жүлдегері Азамат Шағапұлы М.Қаратаев атындағы №51 мектепте болып, балалармен спорт жайлы, оның адам ағзасына тигізетін пайдасы, өздерінің табыстары төңірегінде әңгіме өрбітті. С.Ибрагимов жас кезінде спорттық құралдардың барлығын дерлік қолдан жасағанын, өзінің осы жолда көп кедергілерге кездескенін, сонда да алған бетінен қайтпағанын айта келіп, бүгінгі күні шынығып, шыңдалуға мүмкіндіктің мол екенін, тек ынта мен ықылас, қайтпас қайсарлық қажеттігін айтты. Аудан орталықтарында спорт мектептері, ауылдарда олардың бөлімшелері жұмыс істейді. Спорттың кез келген түрімен айналысуға мүмкіндік мол. Осы мектеп түлегі А.Шағапұлы да әркімнің тағдыры, денсаулығы өз қолында екенін, спортпен үздіксіз айналысқан жандардың шымыр да ширақ болатынын жеткізді. Кездесуге қатысқан шәкірттер спортшы ата-ағасына өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

**Ғабит ЫБРАЙЫМ,**
**кент тұрғыны.**
Жаңақорған ауданы.

● ОЙТҮРТКІ

## АРМАН БОЛҒАН АҚ ЖАУЛЫҚ

Бұл тақырып бұған дейінде талай пікірталас тудырып, талқыға түскен болатын-ды. Мен де өз пікірімді көпке ұсынсам деймін. Ата-бабамыздың қасырлар бойы тұтынып, қастерлеп келген ақ жаулығы қолданыстан қалып барады. Тартатындар бар, бірақ сирек. Қазір "заман солай" деп бәрін заманға аударып қойып, өзіміз сүттен ақ, судан таза болып шыға келуді әдетке айналдырдық. Көшені қойып, үй тіршілігінде жалаңбас жүреттіндер жетерлік.

Жаңа түскен жас келін басынан орамалын тастамайды, оған да шүкір. Үлкенді сыйлағаны болар, алайда оның алдындағы абысын-ажындары, тіпті енесінің өзі көшеге шықса, шашы қобырап, жалаңбас кетіп барады. Бұны көрген келіннің күні ертең жалаңбас жүрмесіне кім кепіл. Жаулықсыз әйелге шайтан үйір келеді дейді. Негізі соның жаны бар-ау. Жаулық тартпаған әйел шашын кесіп, оны әртүрлі түске бояуға үйір, жастармен жағаласып, сән кууға, қысқа, ашық-шашық киім кияуге әуес. Сырт көзге сұлу, әдемі көрінгенге не жетсін, алайда оншама салмағы жоқ кішкентай жаулық тартудан неге қашамыз? Жаулық – әйелдің иманы, бұрынғы апа-әжелеріміз үйден жаулықсыз шықпайтын, қайда барса да басынан ақжаулығы түспейтін-ді. Басындағы жаулықтың көлемі мен түсіне қарап, оның иесінің жас шамасын, қандай отбасынан шыққанын білуге болатын. Ең бастысы, жаулық тартқан әйелге ешкім көзін сүзбейтін. Міне, ақжаулықтың қасиеті.

Бүгінгі әйел қауымы көшеде, жұмыс орнында жасына қарай жасарымды киініп, басына үстіндегі киміне үйлесетін орамал тартып жүрсе, бір ұжым мүшелері абысынды-келінді жандардай сыйласып жүрсе, несі айып? Қыздар алдыңғы толқынға қарап бой түзер еді. Сонда барып ашық-шашық, қысқа, тар киімдерден құтылар едік. Қазақ халқының өткенін айтып, өкініш білдіре бергенше неге бір істі қолға алмасқа. Ақжаулық тартуды, оны бастан тастамауды дәріптеп, жастарды соған үйрете білсек жақсы болар еді. Сіздің пікіріңіз қандай, оқырман?!

**Бейбіт САРЕКЕЕВ.**

● АЛҒЫС

## БАТЫР АҒА ТІЛЕГІ

Жасың келген сайын денсаулығың да сыр бере бастайды екен. Жуырда жүрек қабынуымен қалалық ауруханаға жедел жәрдеммен жеткізіліп, сонда емделуіме тура келді. Мені терапия бөлімшесінде қызмет істейтін кардиолог-дәрігер Айгүл Қасымхан өз қамқорлығына алды. Жүзі жылы, сөзі майда, мінезі жұмсақ дәрігердің емі өз шипасын берді.

Қазалылық Айгүл Жігерқызы 2013 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық университетін "Емдеу ісі" мамандығы, ал интернатураны "Кардиология" саласы бойынша бітіріп шыққан екен. Содан бері осы ауруханада еңбек етіп келеді. Жас маман өзінің ЖОО-да алған білімін тәжірибе жүзінде шебер қолданып, науқастардың ыстық ықыласына бөленуде. Қалалық аурухана соңғы медициналық технологиямен толық жарақтандырылған. Емделушілердің диагнозы компьютерлі томографияның көмегімен жедел анықталып, соған орай ем алады. Кардиологиялық науқастарға да өркениет аппараттарымен тәулік бойы ем жасалады.

Қалалық аурухананың бас дәрігері Асылбек Тоғызбаев, оның орынбасары, кардиолог Гүлнар Ыбыраева мен өзімнің емдеуші дәрігерім Айгүл Қасымжанға шынайы аналық алғысымды білдірсем деймін.

**Күләш ӘЙТІЛЕСОВА,**
**Батыр ана.**
Қызылорда қаласы.

## «ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ» – ДІНБҰЗАР АҒЫМ

**Діни ағымдардың ішінде өзінің жүріс-тұрысы және киіну стилімен бірден көзге түсетін «Таблиғи жамағат» ұйымының қызметі Қазақстандағы мұсылман ұмметінің наразылығын оятып қана қоймай, құқық қорғау органдарының назарына ілігіп отыр. Қазақстан Республикасының 2011 жылдың қараша айында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында белгіленген тәртіп бойынша құзыретті органда діни бірлестік ретінде тіркеуден өтпеген бұл ұйымның ендігі қызметі ел аумағында заңсыз болып табылады.**

Негізінен «Таблиғи жамағат» ұйымының ерушілері радикалдық идеологиядан аса ерекшеленбейтін сенімді ұстанады. Дінге бет бұруды ойлағандардың басым көпшілігінің радикалдануының алғашқы қадамы «Таблиғи жамағат» қатарына қосылудан басталған. Француздық басылымдардың бағалауынша, ислам атын жамылған экстремистердің 80 пайызы осы ұйымның қатарынан шыққан екен. Бүгінде бұл ұйымның негізгі орталықтары Үндістан, Пәкістан және Бангладеш елдерінде орналасқан. Алайда, ұйымның бағдарламалары мен нұсқаулары қозғалыс басшыларының шағын тобына ғана белгілі.

«Таблиғи жамағат» қозғалысы ел ішінде ресми тіркеулерден өтпей, кезінде жасырын түрде қызмет атқарып келген еді. Бүгінде олардың жұмысына заңмен тыйым салынып отыр. Сондықтан да қоғам «Таблиғи жамағаттың» ел тыныштығына қауіп төндіретін радикалдық орта екендігін түсінуі керек.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларының бірінде «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі осы жат діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінің шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» деп атап өтіп, дәстүрлі емес секталар мен жалған діни ағымдардың қызметіне қатаң тосқауыл қою қажеттігін баса тапсырған болатын.

Дін ғалымдары мен профессорларының айтуынша, дінді насихаттап, дағуат айту үшін кем дегенде жеті-сегіз жылдық арнаулы теологиялық білімі болуы қажет. Бұрынғы сахабалардың кезінде де ең білімді ғұламасының өзі «менің білмейтінім көп» деген. Ал өздерін «дағуатшылармыз» деп жүрген «Таблиғи жамағат» діни бірлестігі өкілдерінің біржылдық та білімдері жоқ. Тіпті, олардың арасында бұрын қылмыстық топтарда болғандары да кездеседі. Ал мұндай адамдарға ешқандай дін ғалымы дағуат айтуға, халықты дінге шақыруға рұқсат етпейді.

Біздің қоғамымызда да «Таблиғи жамағат» ізбасарларының «дін тарату» мақсатында отбасын тастап кету фактілері орын ала бастады. Ал ислам діні мұсылманның өз отбасын бағып-қағуға және жұбайына көңіл бөлуге жұмсаған уақытын ғибадаттың бір түрі деп үйретеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары да азаматтардың отбасыларын бағып-қағуын парыз деп белгілеген.

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстандағы ислам бағытын ұстанып, экстремистік әрі деструктивті қызметті жасап жатқан діни ағымдардың көбеюі бүгінде ерекше өзектілікке ие. Олардың түрлі ұстанымдары мен мақсаттары бүкіл мұсылман қауымында тиісті сұрақтар тудыруы заңды құбылыс.

Мысалы, Атырау облыстық "Иманғали" мешітінің ұстазы Салауат Мәжитов "Таблиғи жамағат" ұйымының облыста 2002 жылдан бастап қарқынды дами бастағанын айтады. Кейін өңірде сәләфилік бағытты ұстанушылардың пайда болуымен жамағат әлсіреген. Оны қолдаушылардың басым көпшілігі сәләфилік бағытқа түсті. Ұйым шетелден басқарылатын болғандықтан мемлекеттің қауіпсіздігі үшін 2013 жылдың 26 ақпаны күні Астана қаласы, Сарыарқа аудандық сотының шешімімен бұл жамағатқа Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынды.

Мамандар сондай-ақ, «Таблиг» жамағатын ұстанушылардың терендетіп ілім алуға тырыспайтындығын айтады.

**С.ҚУАНЫШЕВ.**

● ҮЛКЕННЕН – ҰЛАҒАТ...

## ТӘРБИЕ НЕГІЗІ ОТБАСЫНАН ҚАЛАНАДЫ

"Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің" дейді халық даналығы. Бала өскен сайын оның тәрбиесі де күрделеніп, оған да ата-анаға да қойылар талап күшейе түсері сөзсіз. Өз баласының мінез-құлқы мен айналысатын ісін, қатысатын ортасын біліп отыру да кейбір қатерлердің алдын алады. Отбасы мүшелері, әсіресе отағасы мен отанасы тату болса, ол ошақта өскен бала да тәрбиелі болары хақ.

Қазіргі заман ағымы ешқайда мойын бұрғызбайды. Ата-аналардың көпшілігі жұмысбасты, жан-жаққа бұрылуға мұршасы жоқ. Бала үшін еңбек етіп, солар үшін жүгіріп жүр. Бірақ кей ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтыны жасырын емес. Баланы алдымен балабақшаға, сосын мектепке беріп, бар ауыртпалықты соларға артып қою, баласы бір нәрсе бүлдірсе соларды кінәлі санау, әркез баласының сөзін сөйлеу – құптамайтын қылық. Ұрпағының тамағы тоқ, қойлегінің көк болғанын ғана емес, соныкмен қатар оның оқуы мен тәрбиесіне, айналысатын ісіне көңіл бөліп, кемшілігін түзетуге бағыт-бағдар беріп отырса, ата-ананың ұтары мол болар еді. Өйткені, баланың тәрбиесі өз отбасынан бастау алады. Егер отбасында дөрекілік, ұрыс-керіс, маскүнемдік секілді жағымсыз жағдайлар орын алса, оның балаға кері әсер ететіні сөзсіз.

Баланы еңбекке, жарқын сезімдер мен нұрлы мұраттарға баулу, адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету отбасының негізгі міндеттері болып табылады. Әрбір ата-ана баласының биікке шығуын, армандаған асуларына алқынбай жетуін ойлайды. Тәрбиелі, мінезді, білімді, еліне пайдасы тиетіндей мамандық иесі болуын қалайды. Олардың осы тілектерінің орындалуы өздеріне байланысты. Бесіктен басталатын бала тәрбиесін өздері әу бастан қолға алса, баласы үшін бар жақсылықты шынайы жасаса ұрпағы ұлағатты болып ержетпей ме? Ата-анасын сыйлап, құрметтеп үйренген бала үлкенді де, өзгелерді де қадірлеп, оларға құрмет пен қамқорлық таныта біледі. Міне, ел болашағы деген осы. Өскелең ұрпақтың тәрбиелі, білімді әрі ұлтжанды болып ержетуі үшін бар қажырқайратты жұмсайтын кез келді.

**Асылзат ӘБЕЗБАЕВА,**
**№37 мектеп мұғалімі.**
Сырдария ауданы.

● ДІН – ДІҢГЕК

## БАБАЛАР ЖОЛЫН ҚҰРМЕТТЕЙІК

Қазақстан Республикасы Конституциясының I бабының 1-тармағында айтылып өткеніндей, ҚР өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады. "Зайырлы" ұғымы мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді. Яғни, зайырлылық дінсіздік не дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы. Зайырлы мемлекетте діннің өз орны бар. Дін мемлекеттен бөлінгенімен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөліне алмайды. Мемлекет пен діннің арақатынасындағы жанды байланыстар зайырлы және рухани-діни құндылықтардың арақатынасы негізінде орныққан. Адам мен қоғам өмірінде ерекше орын алатын дін рухани мәдениеттің қалыптасу үдерісінде негізгі факторларды атқарады, мәдениет пен өркениеттің дамуына ықпал етеді. Аймақтағы дін саласының қызметкерлері көпшіліктің көңілінен шығу барысында ұқыптпен санаспай еңбек етіп келеді. Олардың алға қойған мақсаттары да айқын. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі еліміздегі Ислам дінінің дамуы түрлі жаңашыл бастамалардың өмірге келуіне ұйытқы болды. Әсіресе, өткен жыл түрлі жаңалықтарға толы болды.

Өткен жылдың ақпан айында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен тұңғыш рет республикалық имамдар форумы өткізіліп, онда маңызды төрт құжат қабылданды. "Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы" мен "Мұсылманның тұлғалық бейнесін", "Имамның тұлғалық келбеті" мен "ҚМДБ қызметкерлерінің этикасын" қабылдаған форум дін саласының қызметкерлеріне күрделі міндеттерді жүктеді. Ең бастысы, форумда талқыланған құжаттардың насихатталуы мен көпшілікке жеткізілуі барысында түрлі шаралар іске асырылды. Мәселен, "Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы" бойынша қала және аудан имамдарын оқыту семинарлары өткізілсе, дін тану пәнінің мұғалімдері мен медицина саласының мамандарына арнайы түсіндірілді. Өткен жылғы атаулы күндерге арналған шаралардың барлығы "Дін мен дәстүр" бағытын дәріптеуге арналды десе болады. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, әз-Наурыз мерекесі, Балаларды қорғау күні секілді мейрамдарда ұлттық салт-дәстүрге негізделген іс-шараларға, спорттық ойындарға, қайырымдылық шаралары мен дәстүрлі өнерге басымдық берілді. Айлардың сұлтаны болған Рамазан айына ұйымдастырылған "Қош келдің, Рамазан" атты шығармалар байқауының үздік мақалалары марапатталып, өңірдегі діни бағыттағы іс-шараларды белсенді ақпараттандырушыларға мешіт тарапынан арнайы сыйақы ұсынылды.

Тағы бір айтарлығы, Сыр елінен 44 шәкірт ҚМДБ-ға қарасты университет пен медреселерде білімдерін жетілдіруде. "Нұр-Мүбәрак" университетінде 15 тәлімгер болса, олардың 6-уы бітірді, үш шәкірт жұмыспен қамтылса, үшеуі магистратурада білімдерін жалғастыруда. Сонымен қатар, Мысыр еліндегі "әл-Әзһар" университетінің "Дін негіздері" факультетінің екі студенті арнайы шақыртылып, мешіт жамағаттарына түрлі тақырыптар төңірегінде дәріс берді. Облыстың бас имамы Талғат Сейітқәрімұлы Сарыағаш, Шымкент медреселері мен "Нұр-Мүбарак" университетінде оқып жүрген Сыр бойы жастарымен жүздесіп, туған елдегі Ислам дінінің өркендеуіне үлес қосуға шақырды.

– Аймақ мешіттеріндегі имам-молдалардың білімін арттыру да назардан тыс қалмады, – дейді облыстың бас имамы. – Жыл бойы әр айдың басында бір апталық семинар өткізілді, 55 найб-имам, азаншы, молдалар бір аптадан 6 рет Шымкент медресесінде оқыды. Бірқатар имам-молдалар 4 рет Ислам институтында білімдерін жетілдірді. Сондай-ақ, облыста 20-ға жуық білім жетілдіру семинарлары, орталық "Ақмешіт-Сырдария" мешітінде 5 Құран, 3 азан жарысы өткізілді, жүлдегерлер лайықты марапатталды.

Кейбір жастардың әлбиеттықпен адасып, өзге ағымның жетегінде кетуі дін саласы қызметкерлерін алаңдатып отыр. Білікті де білімді он иманнан құралған ақпараттық-насихаттық кез топ бес жылдан бері аудандар мен шалғай ауылдарда болып, "Уағыз айтылмаған ауыл қалмасын!" деген ұранмен үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп келеді. Өткен жылдың өзінде осы екі топ 360 кездесу өткізді. Бұдан бөлек оқу орындарында, мектептер мен жатақханаларда кездесулер өткізген ақпараттық топ мүшелері бірқатар игі істердің атқарылуына ұйытқы болды. Олардың бастамасымен зираттар мен қоғамдық орындарды таза-лау мақсатында 108 жерде сенбілік ұйымдастырылып, оған 37,5 мың адамның қатысуы қамтамасыз етілді.

Қасиетті Рамазан айында қалалық мешіттерде 30 күн бойы ауызашар ұйымдастырылып, оған ауыз бекіткендермен қатар қарттар және жалғызбасты кісілер, жетім-жесірлер арнайы шақырылды. Қасиетті айда орталық мешіт тарапынан 200 отбасына азық-түлік, 2,5 мың отбасына азық-түліктен бірге тұрмысқа қажетті заттар, 320 оқушыға мектеп керек-жарақтары мен киім формасы таратылды. Ал мұсылмандардың ұлық мерекесі Құрбан айт кезінде 1478 отбасына 7 тоннадан астам ет таратылды.

Елдегі дін қызметкерлерінің тарапынан жасалып жатқан түрлі іс-шаралар, уағыз-насихат жұмыстары, облыстық мешіттің сайты арқылы көрсетілген бейнежазбалар, мақалалар мен уағыздар дәстүрлі емес діни ағымдардың жетегінде кеткен жерлестерімізді кері қайтаруға әсер етті. Өздерінің адасып жүргенін жан жүрегімен сезінген он сырбойылық Әбу Ханифа мәзхабына қайта оралды. Бұның өзі – үлкен жеңіс. Мешіт имамдары түзеу мекемелерінде жазасын өтеушілер арасында болып, олармен тұрақты кездесу өткізіп тұрады.

Бәрімізге белгілі, елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері тұрады. Олардың әр-қайсысының діни сенім-нанымдары, өз ұстанымдары бары ақиқат. Көпұлтты елімізде тыныштықты сақтауға, діни сұхбаттастық пен төзімділікті насихаттауға тиіспіз. Ел азаматтарының діни ұстанымдары қандай болғанда да оған Қазақстан азаматы ретінде, жалпы адам ретінде қарауға тиіс екенімізді әр жастың санасына сіңдіре білуіміз қажет. Дінге қатысты барлық мәселелер мемлекеттік заң аясында шешіледі. Демек, зайырлы мемлекетте ешкімнің діни сеніміне қол сұғылмайды, түсініспеушіліктер заң тұрғысынан шешіледі.

**Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**

● ШАҒЫМ

## ЖҮРУ УАҚЫТЫ НЕГЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Мен Қызылорда қаласына жиі барамын. Өзіме ыңғайлы болғандықтан көбінесе жолаушылар автобусына мінемін. Кейінгі кездері жолаушы таситын автобустың уақытынан ауытқып жүретіні жайында әңгіме естісем де оған онша мән бермеген едім. Ақпанның 13-і күні кешкі сағат 17-де жүретін «Қызылорда-Жаңақорған» бағытымен елге қайтуға келсем, ол орын толық болғандықтан кестедегі уақытынан бұрын жүріп кетіпті. Автовокзал кассирі: «Автобус толып қалды, оны ұстап тұра алмаймыз, жолаушылардың өтінішін орындадық, шағымыңызды ауыл басшысына айтыңыз» деп маған Шымкент бағытында жүргелі тұрған «Газельге» билет берді. Ал ол маршрут адам саны жетпегендіктен жүрмейтін болып, билетімді қайта өткіздім. Сонымен Жаңақорғанға баратын алты адам қалта қағатын таксиге отыруға мәжбүр болдық...

Менің айтайын дегенім, кезінде осы автобекет мекемесі маршруттарды тендерден жеңіп алып, халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуге міндеттенді ғой. Маршрутты қадағалап, оның өз уақытында жүруін тексеріп отыратын жан жоқ па? Мен соны білгім келеді.

**Манарбек БАЙМҰРАТОВ,**
**зейнеткер.**
Жаңақорған кенті.

**Оқырман хаттарымен сырласқан**

**Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.**

## ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛ ШАТТЫҒЫ

"Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын" дейді халық даналығы. Біз бүгін ауданды басқарғанына бір жылдай болса да ел үшін біраз іс тындырған әкім Абзал Мұхимов жайында айтқалы отырмыз. Жас та болса, еліне бас бола білген, адамгершілігі мен алғырлығы, парасат-пайымы көпшілікпен етене араласуынан байқалған әкім келгелі біраз жаңалықтың куәсі болдық. Аймақта жеке кәсіпкерлік дамып, серіктестіктер мен шаруа қожалықтарының қатары көбейді. "Сыбаға" бағдарламасы арқылы жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы құрылымдарын құру қолға алынды. Мәселен, Жаңақұрылыс ауылының өзінен ғана 3 ауыл шаруашылығы құрылымы құрылды, олар мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын жүргізуде.

Аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар қаншама?! Біздің ауыл тұрғындары бұрын аудан орталығына бару үшін Хан қалқымалы көпірінен өтетін. Көпірдің екі бетінен жүру, әсіресе күз бен көктемде аса қиындық тудыратын. Ауылдан «Қамбаш-Аманөткел-Бөген» жолына шыққанша алты шақырым ғана, алайда жол жүру мүмкін болмағандықтан Қаратерең ауылы арқылы 75 шақырым айналатын едік. Біздің тартып жүрген азабымыздан хабардар болған аудан әкімі үлкен трассаға дейінгі жолды тегістеп, тас төсеттірді, көпірді мемлекет меншігіне алды. Қазір талапқа сай жөнделген көпірден көліктер іркіліссіз жүре береді.

Іскер басшының тағы бір атап айтарлық ісі, ауыл тұрғындарына көптен бері арман болған жаңа мектептің іргетасын өз қолымен қалауы еді. Сәтін салса, ауыл балалары алдағы 1 қыркүйектегі жаңа оқу жылын екіқабатты еңселі білім ордасында бастайтын болады.

Ел басқару, әр ауылдың, оның тұрғындарының көңілінен шығу, халық сенімін ақтау, олардың аманатын орындау оңай шаруа емес. Оған күш-жігер, қажыр-қайрат, сабыр керек. Өзінің іскерлігімен, жұртты жұмылдыра білетін қабілетімен ерекшеленген аудан әкімі Абзал Сансызбайұлына алғысымыз шексіз. Әрқашан халық сенімінен шыға беруіне тілектеспіз.

**Сердалы ШАЛБАЕВ,**
**Жаңақұрылыс ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.**
Арал ауданы.

● ӨТІНІШ

## АЛАҚОЛ ҚЫЗМЕТ ШАРШАТТЫ

Облыс орталығы уақыт өткен сайын көркейіп, көріктеніп келеді. Қала аумағы сәт сайын үлкейіп, жаңадан сап түзеген шағын аудандар, көшелер саны да артты. Әрине, олардың барлығын бірден жөндеп, тұрғындарының жағдайын жасап қою оңай іс емес. Уақыт өте келе жөнделетінін, бәрінің де ретке келтірілетінін бәріміз де білеміз. Біздің айтпағымыз басқа еді.

Біз «Рисмаш» шағын ауданына қарасты Алтын Орда көшесінде тұрамыз. Осы көшеге электр жарығы да тартылды, жол да салынды, бірақ жартылай ғана. Электр жарығы көшенің жартысына тартылған. Екінші жартысындағы 14-15 үй тұрғындары шамамыз келгенше электр желілерін жүргіздік. Барлық үй бір желіге жармасқасын, оның үстіне арнайы маман жалғамағасын не оңсын, жарығымыз тым әлсіз, жел соқса да жалп етіп, сөніп қалады. Балалар ел қатарлы теледидар да көре алмайды.

Енді көшедегі жол жағдайына келейік. Көшенің қалалық маршрут жүретін бөлігіне асфальт төселген. Оны аяғына дейін жеткізуге жол салушылардың шыдамдары жетпеді ме, әлде жоғарыдан берілген нұсқау солай болды ма, тағы да сол біз тұратын жақ жолсыз қалды. Жаңбыр жауса, көшеде жүру қиямет. Батпаққа құлаған бала, тобықтан келер лай суды кешкен қария, түзу жолға шыққаннан кейін қалтадағы таза аяқ киімін киіп, бес батпан балшық болғанын кері қайтарған жан, ми батпақтан шығар жол таппаған көлік – бәрі осында. Сонда бір көше тұрғындарын алалап, олардың жартысына жағдай жасап, қалған жартысын қараңғыда, ойлы-қырлы, батпақты аумақта қалдырудың қаншалықты қажеттілігі бар еді?! «Сағадағы су, аяқтағы у ішеді» дейтіндей тым ұзақ көше де емес, бар-жоғы 600-620 метрдей ғана. Соны толық жарықтандырып, асфальттауға не кедергі болды екен?! Мұндай жағдай осы аудандағы Тәуелсіздік көшесіне де тән.

Осы көше тұрғындарының көріп жүрген қиындығы аймақ басшылығының назарына іліксе, барлығы жақсы болар деген үміттеміз.

**А.АЙДЫХАНОВ, С.БЕККӨЖАЕВ, И.САРИЕВ, Ө.ОСПАНОВ, Д.ЕРҒАРАЕВ,**
**Алтын Орда және Тәуелсіздік көшелерінің тұрғындары.**

# Тылсым беті

**Соңғы уақытта ғалымдарды, тіпті қарапайым адамдарды да тылсымның құпиялары қызықтырып жүргені шындық. Бұл тұрғыда діни ұғым және ғалымдардың өзінше топшылаулары қалыптасқан. Бірақ о дүние мен бұ дүниенің арасын жол қылып, барып қайтқан ешкім жоқ. Сондықтан бұл ретте нақты кесіп-пішу қиын. Дегенмен, соңғы уақытта клиникалық өлімді бастан өткізгендер басқа бір тылсым әлемге тап болғандарын айтып жүр.**

## Тіршілікте біз білмейтін талай сыр бар

Бұл тақырыптың қыр-сырына үңіліп, түрлі зерттеулер жасауда әсіресе шетелдік ғалымдар белсенді. Бірде Пима Ван Ломмель бастаған голландиялық ғалымдар ес-түсіз жатқан адамды ауруханаға жеткізеді. Оның жағдайын оңалту үшін олар қолдан келген көмекті көрсетеді. Бірақ нәтиже болмай, арнайы түтікше арқылы демалдырған. Ал ауызындағы протезі оған кедергі келтіргендіктен алып тастапты. Арада бір апта өткенде сырқат есін жияды. Ақ халаттылар болса, емделушінің жасанды тісін қайда қойғандарын естен шығарып алады. Бір таңғаларлығы емделуші оның қайда екендігін дөп басып айтып беріпті. Оған қоса ол комада жатқан уақытта айналасындағыларға өзінің тірі екендігін айтқысы келген екен. Осы оқиғаны негізге алған ғалымдар енді ми мен дене жансызданған кезде де адамның тірі болатынын айтып отыр.

Бұл шетелдік ғалымдардың көз алдында болған оқиға негізінде жасаған тұжырымы. Сондықтан да сіз бен бізге сенімсіздеу көрінуі де мүмкін. Алайда бір әріптесімнің басынан өткізген мына бір оқиғасы мені еріксіз таңқалдырғаны шындық. Оның есімі – Оңғар. Ол сол тұстағы облыс әкімдігі өкілдерімен бірге Сырдың ағысын бақылап, дариядан төнген қауіптің алдын алу мақсатында барлауға шыққан тікұшақ ішінде болған. 2008 жылы ақпанның 28-і күні бір топ мамандар, БАҚ өкілдері дария бойын бақылау мақсатында тікұшақпен жолға шыққан. Алайда олар Жалағаш ауданы тұсына барып апатқа ұшырап, қаншама арыстай азаматтар қыршыннан қиылды. Ал аман қалғандардың көпшілігі ауыр жараланғандықтан олардың болашағы туралы ешкім кесіп ешнәрсе айта алмады. Соның ішінде әкімдіктің телеоператоры Оңғар да бар еді. Бірнеше ауыр жарақат алып есінен танып қалған ол ауыр халде ауруханада жатты. Алайда көптің тілегі болар, аман қалды. Кейіннен әріптесімді әңгімеге тарттым. Тікұшақ құларда ең әуелі аман қалуды емес, жұмысын ойлаған ол қымбат фотоаппаратын сақтап қалуды көздеп, сөмкесіне салып үлгеріпті.

– Апат болатын сәтте біз тым биікте қалықтап тұрмыз деген ойыма да кіріп шықпады. Құлағаннан кейін, бір аунап тұрып кете береміз деп ойладым. Сөйтіп, есімді ауруханада бір-ақ жидым. Өз-өзіме келмес бұрын түс деп айтуға келмес, тылмыс бірнәрсеге тап болғандай болдым. Ауада қалықтап тұр екенмін. Керуетте жатқан өзімді және қасымда жылап, тілеуімді тілеп отырған анамды көрдім. Екі жағымда маған беймәлім бір бейне тұрды. Бірақ өзімді жеңіл, керемет сезінгендіктен қайтқым келмеді. Дегенмен, көретін жарығым бар шығар, содан соң ояндым, есімді жидым, – дейді ол. Өзі әзілқой жігіт еді. «Басымда төленіп бітпеген несием болған соң тірі қалдым» деп, құрдастарын күлкіге қарық қылатыны бар. Алайда оның басынан өткізгені еріксіз қайран қалдырары шындық.

Міне, қасымызда жүрген адамдардың бұндай жұмбаққа толы, бізге беймәлім оқиғаға тап болуы кез келген адамды түрлі ойға жетелері анық. Сондайдан түйген ойы болар, Қытай ойшылы Конфуций «Өмірдің не екенін білмей жатып, өлімді білу мүмкін бе?» деп ой тастаған екен. Голландиялық философ Бенедикт Спиноза болса, мәңгілік өмірге сенгендей: «Біз өзіміздің мәңгілік өлмейтінімізді сеземіз және біледі» дейді. Ал қазақта «Өлім жайлы көп айтса, тірінің берекесі кетеді» деген сөз бар. Алайда Пайғамбарымыз Мұхамед хадистерінің бірінде: «Өлімді жиі еске алып, одан кейінгі болатын жағдайларға жақсырақ дайындалғандар – міне, солар ақылдылар!» деген екен.

**М.БИҒАЛИ.**

# АРАЛ ТАБАНЫНДАҒЫ ҚҰПИЯ ӨРНЕКТЕР

**Қазақ даласындағы тылсым өрнектер жаһан жұртшылығының назарын аударуда. Бұл әсіресе Торғай даласы мен Арал теңізінің табанынан табылған геоглифтер жайлы жорамал-байламдар көп. АҚШ-тың НАСА ғарыш агенттігі жерге ойылып салынған аталған геометриялық денелердің фотосуреттерін жариялағаннан кейін әңгіме қыза түсті. Қостанайдың тұрғыны Дмитрий Дей Торғай даласынан түсініксіз суреттерді тауып, қазір оны зерттеу үшін ғылыми жоба әзірлеген.**





Зерттеушінің айтуынша, қазірге дейін әлемде 260 геоглиф табылған екен. Олардың арасында темір дәуіріне және ғұн сармат кезеңіне тиесілі өрнектер де бар. Ал ең ежелгілері болып саналатын алып шаршы мен айқыш осыдан 8 мың жыл бұрын пайда болған.

Ол Торғай мен Аралдағы тылсым өрнектердің ұқсастығын айтады. Олардың бірқатарын зерттеу кезінде неорит дәуірі кезінде қолданылған көне бұйымдар табылған. “Бұл суреттердің Перудегі атақты Чанкильо өрнектерімен байланысы бар. Себебі екі жақта да геоглифтерді аңшылардың жан-жануарлардың маусымдық көшуін бақылауға қолданғаны белгілі болып отыр” – дейді зерттеуші. Сонымен бірге ол 14 мың жыл бұрын сол кездегі аңшылар Америкаға оңтүстік Сібір арқылы кеткенін назарға алады. Соған орай зерттеуші геоглиф дәстүрінің бір тармағы Торғай даласымен тығыз байланысты деп санайды.

– Осыдан 7-8 мың жыл бұрын болған табиғат апатынан Торғай жазығын Аралдың тұзды суы басып қалған. Алып мұз көшкіні оларда өзінің ізін қалдырған, – деді зерттеуші.

Сонымен ғалымдар бұл өрнектер Арал теңізіндегі алып мұз көшкіні кезінде пайда болған деп есептейді. Десе де бұл болжамға келіспейтіндер де бар. Осы арада құрғаған теңіз табанындағы Керделі кесенесі табылған жерлерде соқамен жырғандай, орлы ұзын арықтар болғанын еске сала кетейік. Қарапайым адамдар бұны теңіз тартылған кезде жүзген кемелердің ізі деп ойлайтын еді. Алайда Арал мен Торғайдан табылған геоглифтер бұның жай ғана орлар емес екенін байқатады.

Бір қызығы, өрнектер ғарыштан ғана көрінеді. Биыл қостанайлық зерттеуші шетелдік ғалымдармен бірлесіп Торғайдағы тылсым өрнектерге экспедиция шығармақшы. Мүмкін сонда барып Арал теңізі табанындағы белгісіз геометриялық денелердің құпиясын біліп қалармыз.

**Ж.ӘБІШОВ.**

## ӨЛІП ТІРІЛГЕН

**Адам сенгісіз мынадай оқиға АҚШ-та болыпты. 37 жастағы автомеханиктің жүрегі тоқтап қалып, ойда-жоқта ана дүниеге аттанған да кеткен. Содан 45 минут өткенде, әлгі автомеханигіңіз қайта тіріліп шыға келген. Бұл жайтқа менмін деген дәрігерлер аң-таң болып, бастарын шайқап отыр.**

Тарқатып айтқанда, Огайо штатында тұратын Тони Йал есімді автомеханик ауруханаға ес-түссіз халде жеткізіледі. Соның алдында ғана әйелі Мелисса ұйықтап жатқан күйеуінің өзгеше дыбыс шығарғанын байқаған. Сөйткен де, оны оятпақ болып, тұртқілеген. Бірақ, оята алмаған. Сонсоң жанұшыра жедел жәрдем шақыртқан. Ақ халаттылар келе сала Йалды тексере бастағанда, оның жүрегі кенет тоқтап қалады. Бірақ дефибрилляторды қосып, бірнеше рет оны тіріптіп алуға әрекет жасаған соң Тони қайтадан өмірге оралған. Ал клиникаға жеткізілгесін механиктің жағдайы нашарлап кетеді. Дәрігерлер тағы да аппараттың көмегімен оны тіріптіп алуға әрекет жасайды. Алайда, бұл жолы тіршілік белгісінен хабар келмеген. Амал жоқ, дәрігерлер өлім дерегін тіркеп, қағаз толтырады. Сонымен, пациент өлді деп танылып, денені мәйітханаға жіберуге дайындай бастайды. Соңынан маркұммен қоштасулары үшін палатаға оның жақындарын кіргізеді. Сол заматта механиктің ұлы Лоренс: «Папа, сен бүгін өлмейсің!» деп айқайлайды. Кенет ер кісі қозғалып, өзінің тірі екенінен хабар бере бастайды. Тонидің жүрегі осылай қайта соғып кетеді. Бұл оның өлген уақыты белгіленгеннен кейін 45 минуттан соң орын алады. «Мен мұны ғажап нәрсе деп есептеймін. Себебі, мұндайды бұрын ешқашан кездестірген емеспін», - деп мойындайды кардиолог Раджа Назир. Оның айтуынша, 20 жылдық еңбек өтілінде өлген адамның бұлайша тіріліп кету фактісі болмапты. Сондай-ақ, дәрігерлер бұл ғажайыптың сырын аша алар емес.

## МИДЫ МҰЗДА САҚТАСА...

**Қазіргі таңда әлемнің мүйізі қарағайдай ғалымдары адам өмірін ұзартуды, сондай-ақ өлген адамдарды тірілтудің технологиясын ойлап бас қатыруда. Білек сыбанып кірісіп жатқан мықтылардың ішінде АҚШ ғалымдары да бар.**

Шетелдік БАҚ-тың жазуынша, олар 2045 жылға қарай бірегей технология құрастырып шығаруды жоспарлап отыр. Ол өлген адамды тірілтуге мүмкіндік беретін көрінеді. Айталық, Джоша Боканегра есімді зерттеуші Humai аталатын жаңа жоба жасап шығарған, оның негізі жасанды интеллектен тұрады. Ғалымның пікірінше, жобаны жүзеге асыру үшін адам көз жұма салысымен миын мұздатып қою керек, яғни криогендік қалыпқа әкелу керек деп санайды. «Сонан соң барып жасанды денеге мұздатылған миды салып, тірілтуге болады», – дейді ғалым. Сондай-ақ адамды тірілту үшін ми оны мұздатып және еріту кезінде зақымданбау керек екен.

**Н.САУЯЕВ.**

**БЕТТІ ДАЙЫНДАҒАНДАР:**

Мөлдір Қожахметова
e-mail: monti_22@mail.ru

Нағымжан Сауяев
e-mail: nagum_87@mail.ru

# СОЛОМОН ПАТША НАЙЗАСЫ

**Библиялық патша Соломонның шексіз байлығы ғасырлар бойы таңғажайып аңыздарға арқау болды. Оның Үнді мұхитындағы теңіз айлағы мен бір ғана теңіз сапарының өзі 400 таланттан астам алтын әкелетін.Пальмира мен Баальбекте сауда қоймалары болды. Ал. бұл қоймаларында алтын, күміс, піл сүйегі мен бірге зергерлік әшекейлер сақталатын.Оған сыйлыққа тек қана алтын мен күміс бұйымдар сыйлайтын. Патша алтынының басым көпшілігі Иерусалимдегі қабырғаларын алтынмен аптап салынған шіркеуде болатын. Соломонға бұл алтындар картадан табылмайтын, жұмбақ ел Офиреден әкелінетін. Біздің заманымызда оны «Соломон патша найзасы» деп атайды.**

Библияда Офире жайында ешбір мағұлмат жоқ. Ол ел ме, елде бай кен орны ма, гүлденген қала ма, Иерусалимнен қаншалықты қашықта және қай бағытта ол жағы да белгісіз. Шығыс Африкаға алғашқылардың бірі болып, XVI ғасырда келген португалдықтар алтынға бай Офирді іздеп, табуды аңсады. Олар Лимпопо өзенінің биігінде қираған ескі қаланың қалдығын ұшыратты. Бірақ, жергілікті мұсылмандар оны Ұлы Зимбабаның қалдығы екендігін айтты. Өте ертеде сол жерден алтын өндіріліп, бір бай патшаға әкетілетін. Португалдықтар Соломон патша найзасын таптық деп есептегенімін, ол жерден ешбір алтын ізі табылмады.

Көптеген уақыттар өткеннен кейін жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесі, португалдықтар тапқан қираған қалдықтардың біздің дәуіріміздің 1130 жылдарына жататындығын, бұл қаланың Соломон патшалығынан 2130 жыл кейін пайда болғандығын анықтады. Сөйтіп, Ұлы Зимбабаға деген қызығушылық жойылып, ол Соломон патша найзасы деген тізімен сызылып тасталды.

Өзге португалдық, белгілі саяхатшы Васко да Гама, Африканың оңтүстік бөлігін айналып, Мозамбикке дейін жетті. Онда араб саудагерлерін кездестіріп, «алтын өндірілген Офирді туып бер» деп қинады. Қорыққан саудагерлер, өздері білетін, аздаған алтын саудасымен айналысатын ескі Софала теңіз айлағын көрсетті.

Саудагерлерді босатып, еліне оралған Васко да Гама королье Соломон патша найзасын тапқандығын жеткізді. Бұл Софала теңіз айлағы еді. Осылайша, сол кезден бастап португалдар картасында «Соломон патша жері» деген жаңа атау пайда болды. Алайда Софаладан өндірілген алтынның (ол жерден ешқашан да алтын өндірілмеген) библия заманындағы Иерусалимге жеткізудің қандай қиямет екендігін ешкім де ойламады. Сонда Соломон патша одан жақын жерден алтын таба алмағаны ма? Араб жерінде ескі кен орындары бар, «алтын бесігі» деген түсінік беретін «Махд-адх-Дхахаб» қасиетті Медина жолы бойында. Мүмкін сонда болар?

1932 жылы Сауд Аравиясы королінің шақырумен осы елге ағылшын инженер-геологы Карл Твитчелл келіп, «алтын бесігі» аймағын зерттеумен айналысты. Ертеректе бұл жерде ерекше қазба жұмыстары болғандығын айғақтайтын, құммен толтырылған сандаған шұңқырлар мен үңгірлер ғалымды ерекше таңдандырды. Шын мәнінде бұл жерден не өндірілді? Оны айғақтау үшін кең көлемдегі қазба жұмыстарын жүргізу қажет болды. Оған өкімет рұқсат етпеді де одан әрі бұл жерге зерттеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынды.

Сауд аравиясының билігі тек, 1974 жылы ғана табылған заттардың алтын екендігін айғақтайтын зерттеу жүргізуге келісті. Бұл жолы американдық геологтар шақырылды. Осылайша, кең көлемде жүргізілген қазба жұмыстары бұл аймақта тарихи кезеңге дейінгі уақыттың өзінде маңызды металл өндірумен айналысқандығын дәлелдеді. Геологтар мыңдаған тастан қашалған құралдар, кенді шағуға арналған балғаларды да ұшыратты. Бұл құралдар қазылған шұңқырлар мен үңгірлердің бұдан үш мың жылдай бұрын болғандығын айғақтады. Олар шамамен бір тоннадай құмнан 20 грамдай алтын ажыратылғандығын айтты.

Геологтар сонымен бірге, Соломон уақытысында «алтын бесігі» арқылы көптеген керуен жолдары өткенін және оның бірінің Иерусалимге бет алғанын айтты.

**Әуезхан ӘБДІРАШЕВ,**
**журналист-жазушы.**

# ПЕРІ АЙНАЛДЫРҒАН ТҮН



**Мына он сегіз мың ғаламның барлық құпиясы ашылса, адамзат үшін еш қызық қалмайтыны анық. Әзірге ондай мүмкіндік жұмыр басты пенденің қолынан келмей отырғаны тағы айқын. Бұл фәниде ғасырға жуық өмір сүрген Бекет атаның мына әңгімесі әркімнің үрейін ұшырып, жүрегін шошытатыны анық.**

Қалың қазақ елін ашаршылық жайлаған ауыр жылдар. Қыстан қатты қысылып шыққан ауылдың жағдайы адам аяғандай еді. Бекеттің өзінен үлкен әпкесінің ұзатылып барған жері ауқатты болатын. Бала кезінде әкесіне еріп, апасына талай барған Бекет тай да мінген. Осы жолы да Бекет апасына барып, бірнеше күн жатып, қон жинамақшы, бар болса әкешешесіне, бауырларына талғажау етерлік астық әкелмекші болып, жолға шығады. Екі ауылдың арасы едәуір жер, қалың шабындық, бірнеше көлшік орналасқан. Өзі аш, өзі жаяу адамға жол өне ме, кеш түсе бір көлшікке тап болады. Бірнеше тарауға бөлінген жолдың қайсысына түсерін білмей басы қатқан ол “енді жүрсем адасармын” деп шабындықтың арасына қонуға бел байлайды. Үлкен кісілердің үнемі “егер түнде мың далаға қонар болсаң, таяқпен “бисмиллаһи-р-рахман ир рахим” деп өзінді айналдыра шеңбер сызып, ортасына жатсаң, жыншайтан жоламайды” деп айтқанын есіне алған Бекет өзін дөңгеленте шеңбер сызып, ортасына жата кетеді. Қарны аш әрі титықтап шаршаған жан тез ұйықтап қалады. Түн ортасы ауа арбалардың салдыр-күлдірінен оянып кетеді.

Бекеттің жатқан жерінен 40-50 қадамдай жерге жүк тиеген арбалар тоқтап, қоныс қамын жасап жатыр. Бірі жүктерін түсіріп жатса, екіншісі от жағып, үшіншісі бір ешкіні бақыртып бауыздауға кіріскен. Қараңғы түнде өзіне серік табылғанына қуанған Бекет темекі шегуге ниеттенді. Шырпыны тұтатқаны сол еді, айналасы шәуілдеген иттерге толып кетті. “Мыналар шайтан ба, пері ме” деп ойлаған Бекет “бисмиллаһи-р-рахман-ир рахим” деп бір итті таяқпен басынан бір қояды. Ит дегені таяқ тиісімен балаға айналып, ойбайын салып, көш қонып жатқан жерге қарай зытады. Жүрегі тас төбесіне шыққан Бекетте зәре жоқ, темекі жайына қалады. Бір кездері көш қонған жақтан “Бекетті етке шақырып келіңдер” деген дауыс шығады. Бірнешеуі Бекет жатқан жерге келіп, “сен бар, сен бар” деп бірін-бірі итереді, онысы “ойбай, орға түсірдің” деп кейін шегінеді, әйтеуір ешқайсысы оған жақындай алмады. Таң құланиектеніп келе жатқанда жүктерін арбаға тиеген көш көше бастайды. Бекет те өрелі таңды көзімен атқызды. Күн шыққаннан кейін көштің орнына барған Бекет шабындықтың тапталып қалғанын, қазылған қазандықтың орындарын, шашылған тамақ қалдықтарын көреді. Қанша қарны ашып тұрса да, жасөспірім өзін сабырға шақырып, көшкен жұрттың орнындағы тамаққа жоламайды. Бажайлап қараса, өзінің сызған шеңберінің айналасының ақтаңдағы шығып жатыр. Ештеңенің байыбына бара алмаған Бекет жолға шығады.

Түске таман үйіне түсі қашып жеткен бауырын көріп, апасы шошып кетеді. “Мына бала ауруға шалдыққан ғой” деп төсек салып жатқызады да өзі молда шақыртады. Молда кітап ашып, дұға оқи бастайды. Бекет қанша жатқанын білмейді, оянса түн ортасы ауыпты. Молданың айтуына қарағанда, ол көшпелі перінің көшіне тап болған екен. “Бисмиллаһи-р-рахман-ир рахим” деп шеңбер сызып жатқанының арқасында ғана перінің салқынынан аман қалыпты. Міне, Құран-кәрімнің құдіреті.

Жазып алған
**Г.РЕЙМБЕРГЕН.**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**
**10 АҚПАН 2016 ЖЫЛ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ**
**КЕЗЕКТЕН ТЫС 44 СЕССИЯ №356**

## Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі туралы ережені бекіту туралы

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V Заңының 9-бабының 6-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі туралы ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 44 сессиясының төрағасы** — **М. Кәрім**

**Қызылорда облыстық мәслихатының міндетін уақытша атқарушы** — **Қ. Бисенов**

Қызылорда облыстық мәслихатының
2016 жылғы 10 ақпандағы № 356 шешімімен бекітілген

Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі
туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі туралы ереже (әрі қарай - ереже) Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді.
2. Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесі (әрі қарай - Қоғамдық кеңес) азаматтармен, коммерциялық емес ұйымдармен бірлесіп өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен құрылатын консультативтік-кеңесші, бақылаушы орган болып табылады.
3. Қоғамдық кеңес азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша пікірлерін білдіру үшін құрылады.
4. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, оған сәйкес заңдарды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Қоғамдық кеңестің негізгі міндеттері

5. Қоғамдық кеңестің негізгі міндеттері:
1) азаматтық қоғамның мүдделері мен жергілікті деңгейде шешімдерді талқылау мен қабылдау барысында жұртшылықтың пікірін есепке алуды білдіру;
2) жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық қоғаммен өзара қарым-қатынасын дамыту;
3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері

6. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктеріне мыналар:
1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау;
2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын талқылау;
3) атқарушы органдардың нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылау;
4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының іске асырылуы туралы, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайтарымдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуы туралы есептерін талқылау;
5) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;
6) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;
7) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға ұсыну;
8) қоғамдық бақылауды қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама және мемлекеттік органның қоғамның мүдделерін қорғауға бағытталған жұмыстары туралы есебін тыңдау үлгісінде жүзеге асыру;
9) Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын оның бірінші отырысында талқылау және бекіту үшін жергілікті өкілетті органға енгізу;
10) қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру жатады.

4. Қоғамдық кеңестің жұмысын ұйымдастыру

7. Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдардың өкілдері және конкурстық негізде - коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерімен азаматтардан қалыптастырылатын жұмыс тобынан құрылады.
8. Қоғамдық кеңес өкілеттіктерінің мерзімі 3 (үш) жылды құрайды. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын бір заңды тұлғадан Қоғамдық кеңеске бір ғана өкіл сайланады. Бір тұлға қоғамдық кеңестің мүшелігіне тек бір рет қана сайланады.
9. Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамы жергілікті өкілетті органның шешімімен бекітіледі және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) жергілікті өкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.
10. Қоғамдық кеңестің жоғары органы және жұмысының негізгі нысаны отырыс болып табылады.
Қоғамдық кеңестің отырыстары ашық болып табылады. Қоғамдық кеңестің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кем дегенде үштен екісі қатысқанда құқылы болып есептеледі.
11. Қоғамдық кеңес халықты:
1) азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен өзінің іс-қимыл жасау нәтижелері;
2) Қоғамдық кеңестің құрамы, оның мүшелерін ротациялау;
3) отырыстардың күн тәртібі;
4) қабылданған шешімдер;
5) қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер туралы хабардар етеді.
12. Ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында және (немесе) Қызылорда облыстық мәслихатының интернет-ресурсында жарияланады.
13. Қоғамдық кеңестің бірінші отырысын жұмыс тобының жетекшісі ашады, осы отырыста ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің төрағасы, хатшысы және төрағалқасының құрамы сайланады.
Қоғамдық кеңес төрағалқасының құрамына төраға және хатшыдан басқа, қоғамдық кеңестің қатысушым құрылған сондай-ақ, мемлекеттік орган басшысы төрағалары мен Қоғамдық кеңестің жеке мүшелері, кіреді.
14. Қоғамдық кеңес төралқасы Қоғамдық кеңес қызметіне жетекшілік етеді.
15. Қоғамдық кеңестің төралқасы:
1) Қоғамдық кеңес комиссияларының жұмысын ұйлестіреді;
2) Қоғамдық кеңестің отырыстарын өткізуге дайындықты ұйымдастырады;
3) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді.
16. Қоғамдық кеңестің төрағасы оның мүшелері - мемлекеттік қызметте жұмыс істемейтін белгілі қоғам қайраткерлері арасынан сайланады.
17. Қоғамдық кеңестің төрағасы:
1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;
2) отырыстарда төрағалық етеді;
3) Қоғамдық кеңестің атынан құжаттарға қол қояды;
4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті ұйлестіреді;
5) жергілікті мемлекеттік басқару органының отырыстарына кеңесші дауыс беру құқығымен қатысады;
6) өзі болмаған уақытта төрағаның міндеттерін орындауды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне жүктейді.
18. Қоғамдық кеңестің хатшысы:
1) Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;
2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді;
3) Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдеріне бақылау жасайды.
19. Қоғамдық кеңестің отырысына оның шешімінем мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіптік және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылуы мүмкін.
20. Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдармен шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.
Қоғамдық бақылау қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама және мемлекеттік органның қоғамның мүдделерін қорғауға бағытталған жұмыстары туралы есебін тыңдау үлгісінде жүзеге асырылады.
21. Қоғамдық бақылаудың міндеттері:
1) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органды қызметінің тиімділігін, ашықтығын және айқындығын арттыру;
2) қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды жүзеге асыру;
3) азаматтардың мемлекеттің және оның органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне сенім деңгейін жоғарылату, қоғам және мемлекет арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, әлеуметтік шиеленістерді алдын алу және шешу;
4) тұрғындарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес процестеріне тарту.
22. Қоғамдық кеңес осы ереженің 6-тармағының 2) 3) 4) 6) 7) 8) тармақшаларымен көзделген өкілеттіктерін орындалу қорытындылары бойынша бір ай ішінде, ал 6-тармақтың 1) тармақшасы бойынша-10 (он) жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлғасының қолы қойылған дәлелді бас тарту беретін тиісті мемлекеттік органға ұсынылмар енгізеді.
23. Қоғамдық кеңестің ұсынысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдер мен уәжді жауапты беретін мемлекеттік органның қарауы үшін міндетті болып табылады.

# Тілдерді меңгеру – уақыт талабы

**Бүгінгі таңда елімізде ұлтты ұйыстыру мен халықты біріктірудің басты факторына айналып отырған мемлекеттік тіл екендігі баршамызға белгілі. Ең бастысы, бүгінгі жаңа қоғам, жаңа дәуірде қазақ тілінің қажеттілігі орныға бастады. Мемлекеттік тілді білу, оны меңгеру уақыт талабына айналды.**

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның мақсаты – мемлекеттік қызметте, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-кәсіпкерлік саласының барлық бағыттарында мемлекеттік тілді батыл қолданысқа енгізу. Сондай-ақ, көптілді тұлғаларды тәрбиелеу ұстанымына жауап беретін төзімді тілдік ортаны қалыптастыру көзделген. Аталған бағдарламаның нысаналы индикаторларына сәйкес 2016 жылы этномәдени бірлестіктер жанындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін 70 пайызға жеткізу қажет.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Қызылорда облысында 11 этномәдени бірлестік тіркелген. Құрамында 1748 бірлестік өкілі жұмыс жасайды. Олардың ішінде 71,4 пайызы өз ана тілдерін еркін меңгерген болса, 13,7 пайызы ана тілінде оқып, сөйлесе алғанымен, бірақ жаза білмейді. 13 пайызы түсінгенімен, сөйлесе алмайды, ал қалған 1,8 пайызы ана тілдерін мүлде білмейді.

Бірлестік өкілдерінің 42,2 пайызы мемлекеттік тілді меңгерген болса, 18,2 пайызы оқып, сөйлесе алады, бірақ жаза алмайды. Мемлекеттік тілді түсініп, бірақ сөйлесе алмайтындардың саны – 20,8 пайыз, мүлде білмейтіндер саны – 18,7 пайыз. Сондай-ақ, аталған бірлестік өкілдерінің 89,1 пайызы орыс тілін меңгерген болса, 4,3 пайызы ағылшын тілін меңгерген.

Жоғарыда көрсетілген межеге қол жеткізу мақсатында этномәдени бірлестіктер жанындағы этностардың мемлекеттік тілді және өз ана тілдерін білуі бойынша алдағы уақытта бірқатар жұмыстар атқарылатын болады.

**Жадыра КӘРІМОВА,**
**облыстық ішкі саясат басқармасының бас инспекторы.**

# МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ ЖҰМЫСЫ КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

2015 жылдың 30 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің жобасына қол қойды. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылып, аталған Заңның ережесі Кодекстің «Экономикалық бәсекелестік» бөліміне өтті.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданғаннан кейін Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасындағы негізгі жаңалық төмендегідей болды:

- монополияға қарсы заңнаманың бұзылу белгілерінің құрамынан тұтынушылар құқығын қорғаудың шығарылуы;
- үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің Тізілімін, сонымен қатар доминанттардың қызметтеріне мониторинг және есептілік жүргізу тәсілдерінің өзгеруі;
- баға реттеу тетіктерінің қайта қаралуы;
- нарық субъектілерінің үстем жағдайын анықтаутәсілдерін ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес келтірілуі;
- монополияға қарсы заңнаманың бұзылуы туралы қорытынды істері жөніндегі жобасын алдын ала алқалы қараудың енгізілуі;
- бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған әрекеттер жасау туралы орындалуға міндетті мемлекеттік органдарға енгізетін монополияға қарсы органның нұсқамалар институтын жетілдірілуі.

Сонымен қатар, назар аударатын болсақ, мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекеттің қатысуымен (50 пайыздан астам)заңды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерін кеңейту және (немесе) өзгерту үшін монополияға қарсы органның келісімін алу қажет. Осылайша монополияға қарсы органның атқаратын рөлі күшейтілді.

Сонымен қатар, жыл сайынғы жүргізілетін талдау нәтижесі бойынша монополияға қарсы орган бәсекелестік ортаға беруге жататынквазимемлекеттік сектор субъектілер тізімін қайта қалыптастыруға құқылы.

Сондай-ақ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бағалау, мемлекеттің кәсіпкерлік ортада қатысуының көмекші рөлін анықтауға бағытталған субсидиарлық қағидатты енгізу жолымен жүргізу болжануда. Осылай, мемлекеттің кәсіпкерлік ортада негізінде құрылатын немесе жұмыс істейтін мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының (үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 741 бұйрығымен бекітілген тауар нарығындағы бәсекелес ортаның жай-күйіне талдау және бағалау жүргізу әдістемесіне сәйкес анықталатын болады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 қаулысымен акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесі бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталған қаулысын орындау мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар (келісім бойынша) 2016 жылғы 1 сәуірге дейін бекітілген қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес келмейтін қызмет түрлерін жарғылық құжаттардан алып тастау арқылы өздерінің ведомстволық бағынысты заңды тұлғалардың (олардағы акциялардың (қатысу үлестерін) тікелей немесе жанама иелену елу пайыздан астамды құрайтын) қызмет түрлерін сәйкес келтіруі тиіс.

Яғни, мемлекеттің қатысуын заңды тұлғалар аталған Тізімге қызмет түрлері сәйкес келмеген жағдайда нарықтан кетеді.

Осылайша, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметте қатысуы қысқарады.

Монополияға қарсы заңнамаға аталған өзгерістермен толықтырулардың енгізілуі Қазақстан Республикасы монополияға қарсы органның өзгеруіне, ашықтығын қамтамасыз етуіне, оның қызмет тиімділігінің жоғарлауына және ЭЫДҰ стандарттарын енгізуіне, сонымен қатар бизнесте жұмыс мөлшерінің төмендеуіне басты қадам болып табылады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті.**

• ПІКІР

# БАЛАНЫ БІРІГІП ТӘРБИЕЛЕЙІК

Бала, педагог һәм ата-ана. Осы үштаған оқушы тәрбиесіндегі басты ұстаным болуы тиіс. Бала мінез-құлқы, оның болмыс-бітімінің қалыптасуы мұғалім мен ата-ананың көз алдында өтеді. Сондықтан да педагог бала мінезіндегі өзгерістерді дер кезінде байқап, оқушыны өз сезімін басқара алуға, ортамен қарым-қатынасын қалыптастыруға үйреткені жөн.

Бұл ретте, әрине, отбасы, мектеп, көшеңіз бала тәрбиесіне әсерін де ескермеуге болмайды. Бұл тізбекте ерекше рольді мұғалім өткізетін сабақ атқарады. Осылайша рухани байланысты дамыту арқылы баланың ой-өрісін қалыптастыруға болады. Атақты Л.Толстой «Оқушыны ғылыммен тәрбиелегің келсе, өз ғылымыңды сүй. Ал оны сүймесең, ғылым тәрбиеге ықпал жасай алмайды» дейді.

Сыныпта неше бала болса, сонша мінез бар. Ал нағыз ұстаз әр баланың ерекшелігін ескеріп, олармен санаса білуі керек.

**Гүлдана АМАНЖОЛҚЫЗЫ,**
**Б.Шалғынбаев атындағы №217 мектеп мұғалімі.**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАҢТАРДАҒЫ № 299 ҚАУЛЫСЫ**
**НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТІЗІЛІМІНДЕ 12.02.2016 ЖЫЛЫ № 5357 ТІРКЕЛГЕН**

## Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда әкімдігінің **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Қоса берілген отырған:
1) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды ақтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
2) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеғалиевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** — **К. Кушербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «14» қаңтардағы №299 қаулысымен бекітілген

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды ақтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беруөтініштерін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны - қағаз түрінде.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылар «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 06 қаңтардағы № 627 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 12417 болып тіркелген) бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды ақтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды ақтамаған адамдарға анықтама беру (бұдан әрі - анықтама).
4. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бірліктерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы
5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бірліктерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.
6. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшасында келтіріледі.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы
7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсетілетін адамнан немесе заңды өкілдері бала мекен-жайын көшіпкеткендігі туралы анықтама сұратады және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (он бес минутқа дейін);
2) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы сұратуды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (екі минутқа дейін);
3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы сұратуды қарайды, анықтаманы бұрыштамалайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бір минут);
4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы анықтаманы қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (он бес минутқа дейін);
5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері анықтаманы тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жеткізуді ұйымдастырады (бір сағат);
6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері анықтаманы тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді (он бес минутқа дейін).
Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесін (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

| Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|
| Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және ұзақтығы сипаттамасы | құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға қолхат береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | анықтаманы қол қояды | анықтаманы тіркейді |
| Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | анықтаманы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | анықтаманы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | анықтаманы көрсетілетін қызметті алушыға береді |
| Орындау мерзімі | 15 минутқа дейін | 15 минутқа дейін | 2 жұмыс күні ішінде | 15 минутқа дейін | 15 минутқа дейін |

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды ақтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 2-қосымшасы

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды ақтамаған адамдарға анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 3-қосымшасы

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы




Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «14» қаңтардағы №299 қаулысымен бекітілген

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).
Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беруөтініштерін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны - қағаз түрінде.
3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына ауысу немесе қайта қабылдау туралы бұйрық (бұдан әрі - бұйрық).
4. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны - қағаз түрінде.
2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы
5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:
1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.
6. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламентке 2-қосымшасында келтіріледі.
7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындау мерзімі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламентке 3-қосымшасында сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.
Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 1-қосымшасы

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесін (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы

| Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|---|
| Құрылымдық бөлімшелердің атауы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы | Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы | Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері |
| Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және ұзақтығы сипаттамасы | құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға қолхат береді | құжаттарды қарайды | құжаттарды қарайды | анықтаманы қол қояды | анықтаманы тіркейді |
| Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды | анықтаманы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | анықтаманы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды | анықтаманы көрсетілетін қызметті алушыға береді |
| Орындау мерзімі | 15 минутқа дейін | 15 минутқа дейін | 2 жұмыс күні ішінде | 15 минутқа дейін | 15 минутқа дейін |

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 2-қосымшасы

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы




«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттің 3-қосымш

**«Ән жаза алмаған әуесқой эстрадаға жүгіреді»... Бұл біздің емес, қазақ сатирасының тарланы Шона Смаханұлының сөзі. Сондай-ақ, Шәкең бүй дейді: «Өлермендік өзгеге жүрсе де, өлеңге жүрмейді». Тауып айтылған тіркес, бірақ мұндай салиқалы сөзге мән беріп, оны қаперге алып жүргендер аз.**

# Өнерге – талғам таразы

## ТОҚПАҒЫ МЫҚТЫ БОЛСА...

Естеріңізде болса, өткен жылдың мамыр айында Мәдениет және спорт министрлігінің жанынан өнердің әр саласы бойынша он үш көркемдік кеңес құрылған-ды. Атап айтсақ, театр, музыка, хореография, цирк, кино, дизайн, музей, қорық-мұражайлар, әдебиет, кітапхана және кітап шығару, көркемсурет, археология, сәулет жөніндегі көркемдік кеңестер. Аталған ұйымның мақсат-мұраты – отандық мәдениетті дамытуға үлес қосу. Оның мүшелері Асанәлі Әшімов бастаған елімізге танымал мәдениет және өнер қайраткерлері, ғалымдар. Бұл – қуанышты жаңалық. Аталған кеңес отандық мәдениеттің кемкетігін түзеуге, ұлттық руханияттың әлемдік қауымдастыққа жақсы қырынан танылуына мұрындық болады деп сенеміз.

Жалпы, тәртіп болған жерде талғам болатыны белгілі нәрсе. Тәртіп дегеніңіз – заң. Тек, тоқпағың мықты болсын, әйтпесе, заңға пысқырмайтындар көбейіп кетті қазір. Айталық, еліміздің «Мәдениет туралы» Заңында былай делінген, анығы 11-бапта: «Азаматтар қазақ халқы мен этностық топтардың ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді құрметтеуге міндетті». Қалай ойлайсыз, осы міндеттің орындалуы өз деңгейінде ме? Әсіресе, жекелеген өнерпаздардың, жекелеген студиялардың, театрлардың ел назарына ұсынған туындыларында қаншалықты ескеріліп жүр?

Жасыратыны жоқ, қазіргі күні қазақ эстрадасында және кино өнерінде, сондай-ақ, телетуындыларда ұлттық ұстанымды аяққа таптау, салт-дәстүрді сыйламау жиі көрініс тауып жүр. Рас, ел азаматтары өз өнерлерін көрсетіп, шығармашылығын шыңдауға құқылы. Десе де, шегі болуы керек шығар. Демократия екен деп, өнердің қадірін қашырып, ұлтты ұятқа қалдыруға бола ма екен? Біз ондай өнерпазсымақтарды тізбелеп, адам қарауға ұялатын туындыларды санамалап, одан қалды жарнамалап жатпай-ақ қоялық. Өйткені, көзі қарақты көрермен онсыз да біледі.

Қазір не көп, әнші көп! Өкінішке орай, жанды дауыста ән айтатын табиғи таланттар сирек. Дегенмек, шын мәніндегі өнердің қадірін жете түсініп, нағыз өнерпаздарды бағалауға мән беру жағы кемшін. Оған қол жеткізу үшін Қытай мен Өзбекстан секілді сахнада фонограммамен ән айтуға тыйым салу керек-ақ.

Енді кино түсіргіштерге келейік. Бұл да бір дерт шығар, қазір бүгінгі әнші ертең – продюсер, арғы күні – әртіс, одан кейін режиссерге айналып шыға келетін болды. Қысқасы, ерінбеген кино түсіреді. Мейлі ғой, түсіре берсін. Бірақ, солардың ішінен өзге жұртқа ұялмай көрсететін біреуі болсайшы. Әлде бар ма?! Қайдам, көзіміз соқыр болмаса, көрер едік. Өзге жұртты айтамыз-ау, өзіміз тамашалауға ұялып бітеміз. Ең сорақысы, қазақ тілі мен орысшаны араластырып, қойыртпақ қылатыны. Тілді аяққа таптаудың одан өзге мысалын іздеп жатудың қажеті жоқ шығар.

2014 жылы Ресейде өнер туындыларына қатысты нормативсіз лексикаға тыйым салу туралы заң күшіне енді. Енді ол жақта әдебиет пен өнер туындыларын көпшілік алдында орындағанда дөрекі, анайы, дәстүрден тыс сөздерді қолдануға болмайды. Заңға бағынбайды екенсің, 100 мың рубльге дейін айыппұл салады. Көрдіңіз бе, өнерді өрістетудің жолы қандай? Бізге де осындай заң керек.

## КЕМ-КЕТІКТІ ЕЛ БОЛЫП ТҮЗЕУГЕ ТИІСПІЗ

Осы тақырып аясында біз мәдениеттанушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты Амангелді Жанбатырды сөзге тартқан болатынбыз.

– Мәдениет бір күнде, бір жылда пайда болып құралмайды. Оның қалыптасу заңдылықтары бар. Сол сияқты, «Мәдениет туралы» заңның баптары бар да, оны орындау, жүзеге асыру бар. Қаншама «керек», «қажет», «міндетті» деген әдемі сөздерді айтқанымызбенен, сол «керектерді» өмірдің әлеуметтік-мәдени шындығына айналдыру мәселесіне келгенде қорқақтап, сүріініп, жығылып қалатынымызды тағы да айтпасқа болмайды. Бұндай жағдайлар, әсіресе, қазақ тілі мен мәдениетіне келгенде көп көрініс табады. Себептері қандай? Ойланып көрейік.

Біріншіден, біз соңғы ғасырларда көптеген мәдени-рухани соққылар алған мәдениетпіз. «Ақтабан шұбырындыдан» кейін енді ғана ел боп еңсемізді көтеріп келе жатқанымызда, патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен соған сәйкес мәдениетінің шырмауына іліндік. Одан құтылдық деп қуанышымыздан бөркімізді аспанға лақтырсақ, большевиктік, кейін кеңестік мәдени-саяси кеңістіктің ішіне еніп кеттік, яғни қазақ тілі мен мәдениеті өзіндік табиғи, дербес, еркін түрде емес, басқа мәдениеттің бодауында, ықпалында, бақылауында өмір сүріп, дамыды. Дегенмен, кеңестік кезеңде қазақ мәдениетінде бұрынсоңды болмаған опера, кино, театр, классикалық музыка, дамыған жазба әдебиеті сияқты жаңа мәдени формалар пайда болғанын айта кетуіміз керек.

Екіншіден, көптеген отарлық езгі көрген елдер тәуелсіздік алғаннан кейін отарсыздандыру (деколонизация) кезеңінен өтеді, біз де осындай үдерістерді бастан кешірудеміз.

Жалпы алғанда, өнерде ұлттық мазмұн басым деп есептеймін, өнердің барлық жанрларына қатысты айтып отырмын, кейбір жеке қаржыға шығарылған кино не эстрада өнімдерін есептемегенде. Әсіресе, қазақ эстрадасы негізінен қазақи, ұлттық нақышта дамып келе жатыр. Кино саласында, өкінішке қарай, кемшін тұстар эстрадаға қарағанда көптеу.

Қазақ халқының тілі мен мәдениетін, жалпы Қазақстанның құндылықтарын көпе-көрнеу менсінбей қарау сияқты көріністер негізінен өз ана тілі мен мәдениетінен мақұрым қалған азаматтардың іс-әрекеттері. Ондай жағдайларға мемлекет өз алдына, халық шеңберінде тосқауыл болуға тиіспіз.

Ал, оқу орындарында төл мәдениетімізді дәріптеу мәселесіне келсек, онда жағымды жақтар мен жағымсыз жақтарды айту қажет. Қазақ тілінде сабақ беру, зерттеулер жүргізу, ана тілімізде ғылыми әдебиеттердің көбеюі қуантады. Екінші жағынан, тағы да сападан гөрі сан қуып, аталған жұмыстардың нәтижесі кейде сын көтермей жатады. Сондықтан, оқу орындарында төл мәдениетіміз асқақтасын десек, талай сұрыптаудан өткен, қәсіби, ғылыми деңгейі жоғары, әлемдік ғылым мен мәдениет үдерістеріне сәйкес келетін дүниелердің келуін қалаймыз, - дейді мәдениеттанушы.

Сөз басында Шона Смаханұлының «Өлермендік өзгеге жүрсе де, өлеңге жүрмейді» деген сөзін келтірген едік. Өлең дегеніміз – өнер. Сатириктің негізгі айтпақ ойы осы өнерден туындап отыр десек, қателесе қоймаспыз. Демек, өнер төңірегінде өлермендікке салынып жүргендер бір сәт ойланса екен.

**Нағымжан САУЯЕВ.**

# ЕЛІМІЗДІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

Тәуелсіз қазақ елінің 25 жылдық мерейтойы еліміздің түпкір-түпкірінде тойлануда. Бұл – халқымыз үшін ең басты әрі ұлық мереке. Еліміз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде биік белестерді бағындыра алды, толағай жетістіктерге қол жеткізді, әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енді.

Осы орайда А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты суретшілер көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Көрмеге бірқатар танымал қылқалам шеберлерінің туындылары қойылды.

Мерекелік шараны «Нұр Отан» партиясы Қызылорда қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мақсұт Баекеев ашып, көпшілікті мерекемен құттықтады. Сонымен қатар Суретшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманкелді Кененбайұлы да жылы лебізін білдірді.

Көрме «Мәңгілік мәртебесі – Тәуелсіздік» атты облыстық театрландырылған қойылымдардың байқауына жалғасты. Тәуелсіздік жолында халқымыздың тартқан тауқыметі мен көрген қиындықтарын аймақ өнерпаздары сахналық қойылым арқылы көрсетті. Байқауға қала мен аудандардан барлығы 8 ұжым қатысты.

Сайыстың шарты – қатысушылар 5-7 минут ішінде еліміздің егемендік алғанға дейінгі жүріп өткен жолын суреттеу. Байқауға өз істерінің шебері, сахнаның қырсырын меңгерген нағыз таланттар төрелік етті.

Мәдени шара облыстық халық шығармаларын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өтті. Мақсаты мәдени-рухани, тарихи құндылықтарымызды көпшілікке насихаттау, көрермендердің рухани сұранысын қанағаттандыру, мәдениет пен әдебиетті, сұлулық пен көркемдікті театрландырылған көрініс арқылы жұртшылыққа паш ету болып табылады.

Шара соңында байқау жеңімпаздары анықталып, дипломмен марапатталды. Бас жүлде А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйіне бұйырса, I орын Шиелі, II орын Жаңақорған аудандық мәдениет үйіне, ал жүлделі III орын М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжіне бұйырды. Барлық қатысушыларға бағалы сыйлықтар табыс етілді.

**Гүлхан ЯХИЯЕВА.**

● СЫМБАТ

# СҰЛУЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕЙТІН СПОРТ

Спорттағы сұлулық дегенде, алдымен ауызға көркем гимнастика түседі. Әдемі жүріс, ерекше киім үлгісі, ырғақпен қозғалу. Мұның бәрі нақ осы спорт түрінен табылады. Облысымызда әлі де тосын саналатын бұл спорт түрін 5 жастағы бүлдіршіндер бағындыруда. Қызының осы іспен шұғылданғанын қалайтын ата-аналар саны да күн санап артып келеді. Оған мұз айдынында орналасқан көркем гимнастика залында көз жеткіздік. Қажетті жабдықтармен толықтырылған арнайы залда болашағынан үміт күттіретін гимнасткалар жаттығуын жалғастыруда. Бүлдіршіндердің ең кішкентайы 5 жаста болса, ең үлкені 14-15 жас шамасында. Жаттықтырушы Гүлмира Әбсұлтанның айтуынша, көркем гимнастикада табиғи дене бітімге көбірек мән беріледі. Спортшының дене бітімі сұлу, бойы ұзын болуы тиіс. Әрине, техникалық шеберлікке де мән беріледі. Бірақ талабына сай табиғи дене бітімі болмаса, көркем өнерді меңгеру қиынның қиыны.

– Жастайынан көркем гимнастикамен шұғылданған адам сұлулыққа құштар болады. Оның мінез-құлқы көркем, жүріс-тұрысы жинақы келеді. Сонымен қатар тәртіпке, ұқыптылыққа үйренеді. Менің шәкірттерім жаттығуға үнемі шаштарын түйіп келеді. Жанымда Айсұлу Мадиева, Бану Әбенова секілді көмекшілерім бар. Бүгінде түрлі жарыстарға барғанда спорт мамандары бізге жақсы баға беруде. Жаңадан қабылданып, көркем гимнастикамен айналысқысы келетін бүлдіршіндер қатары көбейіп келеді. Тек ата-аналар баласын 3-5 жастан бергені жөн дер едім. Себебі осы кездері буыны қатып үлгермеген бүлдіршіннің мүмкіндігін барынша аша аламыз, - дейді ол.

Асқан шыдамдылықты қажет ететін спорт түрімен айналысып жүрген бүлдіршіндер көркем гимнастикадан өткен халықаралық «Жұлдыз» турнирінде, Қазақстан чемпионаты және Тараз қаласында өткен ашық чемпионатта топ жарып, жетістіктерге жетіп үлгерді. Олардың қатарында болашақта Олимпиада чемпионы атанып, Гүлмира апай секілді жаттықтырушы болуды армандайтындары да бар.

– Осы спорт түрімен айналысқаныма 5 жылдай болып қалды. Жаттығу барысында көбіне шеңбер мен таспаны пайдалануға тырысамын. Алдағы уақытта осы салада қалып, жаттықтырушы боламын деп шештім. Ата-анам да оған қарсы емес, - дейді №264 мектеп-лицейінің оқушысы Толқын Абдиева.

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АНА ТІЛІ КҮНІ

# "АНА ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ"

ЮНЕСКО-ның өткен ғасырдың соңғы жылында болып өткен Бас конференциясының шешімімен 21 ақпан – Халықаралық ана тілі күні болып белгіленген-ді. Оның негізгі мақсаты – тілдік және мәдени әр алуандықты қорғау. "Ана тілге неге осынша құрмет білдіруге тиіспіз? Себебі, тіл – адам баласының өміріндегі, тірлігіндегі жасаған барлық қызметінен, жетістігінен артық нәрсе жасай алатын құдіретті құрал. Даму мен байланыс, ақпарат беру мен жеткізу құралы ретінде тіл біздің өткенімізбен қауыштырады, бүгінімізбен біріктіреді, келешегімізді айқындайды. Ана тілін білу – ұлы парызымыз". Бұл – ЮНЕСКО-ның бұрынғы бас директоры К.Мацууураның пікірі. Бұл пікір өзінің құндылығын әлі де жойған жоқ. Өйткені, әр ұлт өзінің ана тілін сақтап қана қоймай оны ілгері дамыту, өркендету жолында нақты жұмыстар жүргізіп келеді.

Биыл он алтыншы рет тойланып отырған Халықаралық ана тілі күні С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде "Ана тілім – тірлігімнің айғағы" деген атпен әдеби-сазды кеш ретінде аталып өтілді. Оған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері, кенттегі мектеп оқушылары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, мәдениет үйі жанындағы "Бастаңғы" аналар клубының мүшелері, кітапханашылар қатысты. Шарға қатысушылар "Ұлт тірегі – тіл" атты бейнежазба көріп, №1 кітапхана ұжымының "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол", "Ана тілім – дана тілім" атты кітап көрмесін тамашалады. "Сыр сазы" көркемсөз оқу шеберлері үйірмесінің мүшелері ана тілі тақырыбында өлең оқыса, "Дарын" ән үйірмесінің мүшелері ана тілі және патриоттық тақырыптағы әндерді орындады. Мәдениет саласының майталмандары Ғ.Жұманова мен А.Таңатаровтың, "Бастаңғы" аналар клубы мүшелерінің орындаған сазды әуендері тыңдаушылардың жүрегіне жетіп, оларды ерекше күйге бөледі.

Кеш қонақтары қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлсім Раманқұлова мен айтыскер ақын Қазына Өзденбаева ана тілі жайында ой өрбітіп, тыңдармандармен пікір алмасты. Кеш тартымды да қызықты өтті.

**Г.РЕЙМБЕРГЕН.**
Тасбөгет кенті.

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ДҮКЕНІ

**Қызылорда қаласының әкімдігі және «Ел-арай» қоғамдық қоры бірлесіп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына қолдау көрсету мақсатында қала орталығында орналасқан сауда үйлерінде («Айтбек», «Сыбаға» сауда үйлерінің 1-қабаты) арнайы контейнерлер орналастырды. Бұл контейнерлерге қала тұрғындары артылған киім-кешектерін өткізулеріне болады.**



Ал жиналған заттар сұрыпталып, арнайы ашылған «Ел-арай» әлеуметтік дүкеніне (Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі 106 үйдің 1-қабаты) қойылғаннан кейін әлеуметтік қызмет бөлімінің тізіміне алынған отбасыларға тегін беріледі. Жоба бюджеттен тыс қаржы көздері арқылы, яғни демеушілердің көмегімен жүзеге асырылуда.

**Қала әкімінің баспасөз қызметі.**

● СПОРТ

# ТАТАМИ ТӨРІНДЕ ТЕР ТӨККЕНДЕР

Дзюдодан Өскеменде өткен Қазақстан чемпионатында қызылордалық спортшылар жеңіспен оралды. Сырбойылық жастар 2 алтын, 4 күміс, 6 қола медальді қанжығаға байлап, жалпы командалық есепте I орынды иеленді. Екінші тұғырға Шығыс Қазақстан облысы жайғасса, үздік үштікті Алматы қаласының дзюдошылары қорытындылады. Команда қоржынына алтын жүлде салған қос спортшы – Жақсыбек Жеңісбек пен Марат Жанқожа. Күміске Адия Сайын, Салтанат Сұлтанбекова, Гүлдерайым Алмағанбет, Нұрғаным Тұршабектер қол жеткізсе, Малика Алпысбай, Диана Тлеумұратова, Дидар Тәттібай, Сымбат Төрен, Нұрсұлтан Иса, Ләйлә Арыстанбектер қоланы қанағат тұтты.

**Н.ЕЛЕГЕН.**

**«Сыр бойы» газетінің үстіміздегі жылдың 23 ақпанындағы 27 нөмірінде жарияланған «Мерекеде үш күн демалыс беріледі» атты хабарламадағы бірінші абзацтың соңғы сөйлемі «...Сонымен 6, 7, 8 наурыз демалыс күні болып белгіленді» деп оқылсын.**

## НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА!

**Жолдарға уақытша шектеулер қойылды**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының автомобиль жолымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін бекіту туралы» 2002 жылғы 19 қаңтардағы №62 қаулысына сәйкес, көктемгі кезеңде жол төсемі бөлігінің бұзылуын болдырмау мақсатында жалпы пайдаланымдағы республикалық маңызы бар М-32 «Самара-Шымкент» автожолының 1240-2057 шақырымы, «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ» автожолының 12-216 шақырымы, «Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент» автожолының 0-91 шақырымы аралығында 2016 жылдың 1наурызынан-1 сәуірі аралығында уақытша бір белтемір білегіне түсетін жүктемесі 8 тоннадан артық автокөлік құралдарының қозғалысына уақытша шектеу енгізіледі.

Халықаралық келісім бойынша халықаралық жүк тасымалы мен жолаушылар тасымалына рұқсат етіледі.

**«ҚазАвтоЖол» ҰК» акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалы.**
**«Қазақавтожол» РМК Қызылорда облыстық филиалы.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сайкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. "АҚ"-ақпалы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-64-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28435
Тапсырыс № 216
Электронды оқылым – 28000.